



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА СЕРПІН БЕРГЕН САПАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан астанасы Душанбеге мемлекеттік сапармен барып, бірқатар маңызды келіссөз жүргізді.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК НЫҒАЯ ТҮСЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Тәжікстанның көп-жақты серіктестігінің берік негізі саналатын жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулерге баса мән беретінін айтты.

— Ең алдымен, ежелгі тәжік жеріне табаным тиген сәттен бастап көрсеткен сый-құрметіңіз бен қонақжайлық көңіліңіз үшін шын жүректен ризашылығымды білдіремін. Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы қарым-қатынас барлық бағытта қарқынды дамып келеді. Біз — сенімді одақтас елдерміз. Қазақ-

стан тарапы Тәжікстанның қазақ халқына деген тілеулес ниетін жоғары бағалайды. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Біз алға қарай жылжуымыз керек. Бұл сапар — ынтымақтастығымызды дамытуға тың серпін беруді көздейді. Бүгін Одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қойылады. Меніңше, бұл құжаттың тарихи маңызы зор. Осы орайда бірқатар өзекті мәселе бойынша мазмұнды пікір алмасамыз деп ойлаймын, — деді Қазақстан Президенті.

(Жалғасы 2-бетте)

• БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

НЕСИЕ АЛУ «ЕСЕЮДИ» ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Қазақстанда жеке тұлғалардың тек банк алдындағы қарызын халыққа шаққанда, әрбір қазақстандыққа 1 мың 860 доллардан көп келеді.



5 >>

ДҰРЫС ТАҢДАУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Қазақстан – ядролық отын шығаратын санаулы елдердің бірі. Сондықтан да алғашқы АЭС-імізді салған жағдайда ешкімге қол жаймаймыз.



6 >>

САПАСЫЗ ҚҰРЫЛЫС САРСАҢҒА САЛМАСЫН

Соңғы кезде қандай да бір тұрғын үй кешені пайдалануға берілгеннен кейін, бірнеше жыл өтпей-ақ тұрғындардың құрылыс сапасына сын айтқан бейне жазбаларын жиі кезіктіретін болдық. Мысалы, жақында елордамыздағы Park Family тұрғын үй кешенінің тұрғындары соңғы қабаттағы төбеден су аққанын, көріз жүйелеріндегі судың жауын-шашында қайта жоғары көтерілетінін айтып шағымданса, Dastur тұрғын үй кешенінде келбақалар қаптап кеткенін көрдік. Сарапшылар мұндай олқылықтарды кепілдік мерзімі аяқталмай жатып құрылыс компаниясынан өндіріп алмаса, іс әрі қарай сотқа ұласып кететінін алға тартады. Оның өзінде пәтер иелері мұндай кемшіліктерді заң жүзінде дәлелдей алуы қажет. Ол үшін түрлі сараптама мен зерттеу жасалады.

(Жалғасы 4-бетте)



МОЙЫНҚҰМ МҰҢЫ: АУДАНДЫ АЯҚҚА КІМ ТҮРҒЫЗАДЫ?



Бүгінде Әулиеата өңірінде әкім тағайындау бас ауруға айналғандай. Олай дейтініміз – облыс әкімі орынбасарының орны жылдап босап, аудан әкімі қызметіне де лайықты азаматтар табылмай тұр. Әуірімдеп, бір орынға бір азаматты отырғызсаң, тағы бір жақта орын босап қалады. Әсіресе, мұндай жағдай Мойынқұм ауданында жиілеп, сананы сан саққа жүгіртіп отыр.

10
БЕТ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА СЕРПІН БЕРГЕН САПАР

(Басы 1-бетте)

Өз кезегінде Эмомали Рахмон екіжақты ынтымақтастықты жоғары бағалап, Қазақстан мен Тәжікстанның стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайтуға ниетті екенін мәлімдеді.

Мемлекеттер басшыларының шағын құрамдағы кездесуінен кейін ресми делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізілді. Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-тәжік ынтымақтастығы барлық бағытта қарыштап дамып келе жатқанын айтты.

— Шын мәнінде, алдыңғы кездесулер барысында қол жеткізілген уағдаластықтардың бәрі дәйекті түрде жүзеге асырылып жатыр және екі ел үкіметтерінің бақылауында тұр. Мұны өзім де қадағалап отырмын. Өткен айда премьер-министрлердің орынбасарлары деңгейінде Үкіметаралық комиссияның кезекті отырысы өтті. Жиынға қатысушылар екіжақты ықпалдастық тетіктерін егжей-тегжейлі талқылады. Мақсатымыз — өзара саудасаттық көлемін 2 миллиард долларға жеткізу. Менің ойымша, бұған елдеріміздің әлеуеті жетеді, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның мәдениет күндерін ұйымдастыруға көрсеткен қолдауы, атап айтқанда Душанбенің орталығында қазақтың бас ақыны, хакім Абай Құнанбайұлының ескерткіш-бюсті орнатқаны үшін тәжік тарапына алғыс айтып, мұндай іс-шаралар ортақ рухани-мәдени құндылықтарымызды байыта түсетініне назар аударды.

Өз кезегінде Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қою ұзақмерзімді перспективада мемлекетаралық байланыстарды жаңа деңгейге көтеретінін айтты.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы Одақтастық қатынастар туралы шартқа салтанатты түрде қол қойды.

ҚАЗАҚСТАН ЭКСПОРТТЫ ҰЛҒАЙТУҒА ДАЙЫН

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон екіжақты келіссөздер аяқталғаннан кейін бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арнап бірлескен мәлімдеме жасады.

Қасым-Жомарт Тоқаев өзара саудасаттықты одан әрі дамытуға екі елдің мол мүмкіндігі бар деп санайтынын жеткізді. Мәселен, Қазақстан Тәжікстанға жалпы құны 200 миллион доллар болатын 85 тауар түрі бойынша экспортты ұлғайтуға дайын. Тәжікстан тарапы да Қазақстанға экспорт көлемін арттыру үшін айтарлықтай ресурсқа ие.

— Біз жеткізілетін тауарлардың номенклатурасын кеңейту және елдеріміздің сауда-экономикалық ынтымақтастығын тежейтін кедергілерді кезең-кезеңімен жою, көлік-логистика саласындағы серіктестікті арттыру жөнінде келісімге келдік. Экономикалық кооперацияны күшейту үшін екі ел үкіметтеріне 2027 жылға дейін өзара тауар айналымын ұлғайту туралы жол картасын қабылдауды жеделдету жөнінде тапсырма бердік. Келешекте өзара сауда-саттық көлемін 2 миллиард долларға дейін жеткізуге, тіпті одан асыруға мүдделіміз. Тауар айналымын арттыруға агроөнеркәсіп секторы айтар-



лықтай үлес қоса алады. Биылғы алты айдың қорытындысы бойынша елдеріміздің бірі-біріне ауыл шаруашылығы өнімдерін жеткізу көлемі 12 пайызға ұлғайып, бұл бағыттағы сауда айналымы 300 миллион долларға жуықтады, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, тараптар ұн тарту өнеркәсібін дамыту, өсімдік майын, кондитерлік және мал шаруашылығы өнімдерін шығаратын бірлескен кәсіпорындар құру мүмкіндіктерін қарастыруға уағдаласқан. Президент қазіргі кезде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік, цифрландыру және экономиканың басқа да салаларында бірқатар ауқымды жоба әзірленіп жатқанын айтты.

Президент мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту келіссөздерге арқау болғанын жеткізді.

— Өткен жылы Қазақстан қалаларында Тәжікстанның мәдениет күндері мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесі табысты өтті. Бұл жолғы сапар аясында Душанбе, Худжанд және Бохтар қалаларында қос халықтың арасын жақындата түсуді көздейтін маңызды іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр. Сонымен қатар жастар арасындағы байланысты жандандыруға, әсіресе, білім саласындағы ынтымақтастықты тереңдетуге екі тарап та мүдделі екенін растады. Сапар қарсаңында екі ел жастарының, ғалымдары мен зиялы қауым өкілдерінің басын қосқан форум сәтті өтті. Қазақстан өңірдегі елдер ішінде Тәжікстаннан келетін студенттерге ең көп білім грантын бөледі. Біз білім саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға келістік. Тәжікстанның мамандарын даярлауға және тәжік әскери-техникалық мамандарын оқытуға қосымша мүмкіндіктер қарастырамыз. Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен М. Осими атындағы Тәжік техникалық университетінде бірлескен ақпараттық технологиялар факультетінің ашылуын құптаймыз. Мұндай жаңалықтардың мән-мағынасы зор әрі халықтарымыз мұны ерекше ықыласпен қабылдады сөзсіз, — деді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмон Қазақстанның Тәжікстандағы мәдениет күндеріне арналған салтанатты концертті тамашалады. «Хохи Борбад» сарайында өткен гала-концертте Қазақстан мен Тәжікстанның өнер майталмандары, соның ішінде Astana ballet

балет труппасы мен симфониялық оркестрі, «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театрының хоры, Hassak этнофольк тобы және тағы да басқа шығармашылық ұжымдар өнер көрсетті. Сахнада қос халықтың танымал музыкалық шығармалары мен әлемдік классика репертуарынан үзінділер орындалып, хореографиялық композициялар ұсынылды. Бауырлас тәжік халқы Димаш Құдайберген, Айгүл Үлкенбаева, Темірлан Бейсембай (Ratovich), El Voice тобы, Фарух Тохтамуратов (Adam) сияқты мәдениет қайраткерлерінің өнерін тамашалады.

Қазақстанның мәдениет күндері аясында Душанбе, Худжанд және Бохтар қалаларында мәдениетаралық байланыстарды кеңейтуді көздейтін бірқатар маңызды іс-шара өтеді. Осы аптада Әбілқасым Фирдауси атындағы мәдениет және демалыс саябағында қазақтың бас ақыны, хакім Абай Құнанбайұлының ескерткіш-бюсті салтанатты түрде ашылды. Бұдан бөлек, Ұлттық музейдегі бірегей жәдігерлерден жасақталған қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерінің көрмесі және отандық кинематографтар түсірген фильмдердің көрсетілімі ұйымдастырылды.

САПАР АЯСЫНДА 16 ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік сапарының екінші күні Тәжікстанның Маджлиси намояндағи Маджлиси Оли төрағасы Махматдир Зокирзодамен кездесуден басталды. Мемлекет басшысы қазақ-тәжік қатынастары қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қойылғанына назар аударып, бұл екіжақты ынтымақтастықтың мүлдем жаңа кезеңіне бастау болатынын айтты.

— Бұл құжаттың тарихи маңызы зор. Осы арқылы алға қарыштап қадам басамыз. Президент, құрметті Эмомали Рахмонның парламентаралық байланысты жандандыру туралы ұсынысын қолдаймын. Өзіңізді еліміздің шынайы досы ретінде білеміз. Өйткені Сіздің студенттік шағыңыз Қазақстанда өтті. Сондықтан біздің байланысымыз парламенттер деңгейінде жанданып, екіжақты ынтымақтастық пен одақтастықтың ең маңызды бөлігіне айналады деп үміттенеміз, — деді Президент.

Тәжікстан Парламенті төменгі палатасының спикері екі елдің заң шығарушы

орғандары арасындағы байланыстарды дамытуға жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Мемлекет басшысына ризашылығын білдірді.

— Өзіңізбен кездескеніме қуаныштымын. Президентіміз, құрметті Эмомали Рахмонмен шынайы достығыңыз мемлекеттеріміздің арасындағы жан-жақты ынтымақтастық пен татулықты нығайтуға қызмет етіп келеді. Қазақстан — Тәжікстанның сенімді досы, стратегиялық серіктесі. Сіздің бұл сапарыңыз екіжақты қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді. Біз бұған ерекше мән береміз. Сапар аясында 16 құжатқа, соның ішінде тарихи мәні зор Одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қойылды, — деді Махматдир Зокирзода.

ӨЗАРА САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ 2 МЛРД ДОЛЛАРҒА ЖЕТЕДІ

Жұмыс сапары барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Премьер-министрі Кохир Расулзодамен кездесті. Әңгімелесу барысында Президент қол жеткізілген уағдаластықтар екі елдің сан қырлы ықпалдастығын жаңа деңгейге шығаратынына сенім білдірді.

— Жан-жақты және мазмұнды келіссөз жүргізілді. Оның нәтижесі де көңілден шығады. Бизнес-форумды жоғары деңгейде өткізуге қолдау көрсеткеніңіз үшін ризашылығымды білдіремін. Жалпы құны 1 миллиард доллардан асатын келісімдерге қол қойылды. Бұл — қуантарлық жайт. Біз кеше өзара сауда-саттық көлемін 2 миллиард долларға жеткізу үшін бірлесіп жұмыс істеуге келістік. Екі ел үкіметтері мемлекеттеріміз арасындағы сауда айналымын ұлғайтуға ықпал ететін түрлі бағытты қарастыруы керек деп ойлаймын, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз Тәжікстанмен сындарлы серіктестікті одан әрі нығайтуға бейілді екенін тағы бір мәрте растады.

Өз кезегінде Кохир Расулзода Тәжікстанға мемлекеттік сапармен келгені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, кейінгі жылдары екі ел арасындағы ынтымақтастық жандана түскеніне тоқталды.

— Тәжікстан Үкіметі Қазақстанмен ықпалдастықты тереңдетуге басымдық береді. Сіздің еліңіз — біз үшін маңызды сауда серіктес. Ондаған жылдар бойы Қазақстан сыртқы сауда айналымы бойынша тұрақты түрде негізгі рөл атқарып келеді. Биылғы бірінші жартыжылдықта тауар айналымы ұлғайды. Өсім көрсеткіші 20 пайызға жуықтады. Сіз екі ел үкіметтеріне өзара сауда-саттық көлемін 2 миллиард долларға дейін жеткізуді тапсырдыңыз. Бұл — орындауға болатын міндет, — деді Тәжікстан Премьер-министрі.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Кохир Расулзода келісілген уағдаластықтарды жүзеге асырудың, сондай-ақ өндірістік кооперациядағы және сауда-экономика, көлік-транзит салаларындағы әлеуетті толықтай пайдаланудың маңызды екенін атап өтті.

Бұдан соң Қазақстан мен Тәжікстан президенттері ауыл шаруашылығы өнімдері мен ұлттық тағамдар көрмесін аралап көрді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Эмомали Рахмонға көрмеде көкөністер мен жемістер, сондай-ақ ұлттық тағамдар, соның ішінде аспаздар ерекше талғаммен әзірлеген палау түрлері, таба нандар мен күлшелер көрсетілді.

АЭС САЛУДЫ ЖАСТАР ДА ҚОЛДАЙДЫ

Кеше Мәжіліс спикері, «AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов «Жастар Рухы» республикалық жастар саяси лагерінің жұмысына қатысты. Түркістан облысы Нысанбек ауылында еліміздің түкпір-түкпірінен келген 420 делегат бас қосты.

Мәжіліс спикері, «AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов жастар үнемі жаңа үрдістердің басы-қасында жүретінін және мемлекетіміздің қозғаушы күші бола отырып, Әділетті Қазақстанның болашағы саналатынын атап өтті.

— Осыдан екі жыл бұрын біз Зерендіде жастар қанатының атауын өзгерту туралы шешім қабылдаған едік. Содан бері «Жастар Рухы» қарқынды жұмыс атқарып келеді. Ұйымның аты ғана емес, заты да өзгерді. «Жастар Рухы» еліміздегі жетекші қозғалысқа, жастардың рухын көтеретін іргелі ұйымға айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Зеренді форумындағы бейнеүндеуінде жастардың заман талабына сай дамуы үшін үш негізгі бағытты айқынданды. Ол — білімге ұмтылыс, еңбекқорлық және патриотизм. Бұл бағыттар жастар қанатының алдағы даму жолының өзегіне айналды, — деді партия төрағасы.

Мәжіліс спикері бүгінде мемлекет жастардың әлеуметтік мәселелерін шешу бағытында ауқымды жұмыс атқарып жатқанын атап өтті. Партия желісі бойынша жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған «Жастарға жұмыс», қаржылық сауаттылықты арттыруды көздейтін «Қарызсыз қоғам», ауыл тұрғындарына жеңілдетілген несие беруге арналған «Ауыл аманаты» жобалары жүзеге асырылуда. Сонымен қатар құмар ойыны, нашакорлық, жұрттың қарызға батуы сынды мәселелер заңнамалық деңгейде шешілуде. Соған қарамастан, бүгінде жастар алдында тұрған әлі де көптеген әлеуметтік сын-кәтер бар. «Жастар Рухының» миссиясы — жастарды өзекті мәселелерді шешуге жұмылдыру және өскелең ұрпақты мемлекеттік жобаларды жүзеге асыруға жан-жақты тарту екеніне тоқталды.

Сондай-ақ партия төрағасы «Жастар Рухы» волонтерлік қызметінің тиімділігіне назар аударды. Мәселен, көктемгі су тас-

қыны кезеңінде «AMANAT» партиясы жанындағы жастар қанатының белсенділері шынайы патриотизм мен азаматтық жауапкершіліктің үлгісіне айналды. Олар «Адал азамат» тұжырымдамасына сай келетін қасиеттерді іс жүзінде көрсете білді.

Форум барысында іс-шараға қатысушылар жастарды саяси және әлеуметтік жұмыстарға тарту жөнінде бірқатар бастама көтерді. Яғни, күрделі саяси процестерді түсінуге және жалған ақпараттармен тиімді күресуге қабілетті жас саясаткерлер пулын құру, әсіресе ауылдық жерлерде креативті индустрияны дамыту, волонтерлерді қолдау жүйесін енгізу, оның ішінде оқуға түсу немесе жұмысқа орналасу кезінде артықшылық беру.

Жас көшбасшылар Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы шеңберінде өтіп жатқан «Таза бейсенбі» партиялық акциясының аясын кеңейтуді ұсынды. Атап айтқанда, бұрын су тасқынынан қорғану үшін бөгеттер тұрғызылған өзендер мен су айдындарының арналарын тазарту жұмысын бастау, қоршаған ортаны қорғаудың маңызы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу, қоғамдық орындарда коқыс сұрыптауға арналған автоматтар орнату, сондай-ақ келер жылы да «Таза бейсенбі» акциясын жалғастыру.

Іс-шараға қатысушылар Қазақстанда АЭС салу мәселесін жеке талқылады. «Жастар Рухының» белсенділері мен мүшелері бұл бастаманың маңызын атап өтіп, АЭС құрылысына қолдау білдірді.

Өз сөзінде ғалым Нұрхат Жәкиев Қазақстандағы энергияның 80%-ға жуығы бүгінде көмір арқылы өндірілетінін және атом энергиясын пайдалану осы жағдайдан шығудың ең тиімді жолы екеніне назар аударды.

— Қазір әлем өзгеріп жатыр. Біз жасанды интеллект, 6G интернет, электромобиль, дрондар, биотехнология, кванттық компью-



тер секілді киберғылым дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Мұның бәрі немен жұмыс істейді? Әрине, энергия көздерінен қуат алады. Сондықтан да, білектің заманында мықты болған біз білімнің заманында артта қалмау үшін ғылымның күшіне сүйеніп экологиялық тұрғыдан тиімді энергияның жолын табуымыз керек. АЭС құрылысы алдағы 100 жылда еліміздегі электр қуаты орындары ашылады, — деді ол.

Өз кезегінде, «Жастар Рухы» жастар қанаты Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы Абзал Марат өңірді жылумен, тұщы сумен және электр энергиясымен қамтамасыз етіп келе жатқан Маңғыстау атом энергетика комбинаты 56 жылдан бері жұмыс істеп тұрғанына назар аударды. Оның айтуынша, бүкіл әлем, соның ішінде Қазақстан біртіндеп электромобильдерге көшуде, бұл да тұрақты энергия көзінің болуын талап етеді.

Ал жас ғалым, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің проректоры Асхат Шүкіров бүгінде атом электр стансасын пайдаланатын әлемнің 32 еліне дүниежүзілік экономиканың және әлем

халқының тең жартысы тиесілі екенін атап өтті. Бұған қоса, әлемдегі экспорттық тауарлардың 70%-ын осы елдер өндіреді. Оның айтуынша, Қазақстан жаһандық дамудан шет қалмауға тиіс. Ол үшін бізге энергия беріп қана қоймай, отандық ғылым мен технологияны жаңа деңгейге көтеретін АЭС қажет.

Мәжіліс төрағасы жас белсенділердің пікіріне қолдау білдірді. Ол АЭС төңірегінде жүріп жатқан ауқымды пікірталасқа жастар белсенді қатысып, өздерінің азаматтық ұстанымдарын батыл білдіруі керек екенін атап өтті.

— Президентіміз айтқандай, еліміз үшін ең маңызды шешімдер тек халықтың пікірін ескере отырып қабылданады. Бұл — Мемлекет басшысының басты ұстанымы. Демек, АЭС салу мәселесінде негізгі шешімді халық қабылдайды. Атом энергетикасы не үшін қажет? Біздің болашағымыз үшін қажет. Мемлекетіміздің бәсекеге қабілетін арттыру үшін қажет. АЭС — ғылым мен технологияны дамыту үшін қажет. Түптеп келгенде ел тәуелсіздігін нығайту, экономикасын орнықты дамыту үшін қажет, — деді Ерлан Қошанов.

КӘСІПОРЫН ЖҰМЫСЫН ЖАҢҒЫРТУ КЕРЕК

Мәжілістің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Еділ Жаңбыршин «МАЭК» ЖШС-ның ұжымымен кездесіп, кәсіпорынды жаңғырту барысымен танысты.

«МАЭК» ЖШС — Маңғыстау облысының бас энергетикалық кәсіпорны. Аймақ тұрғындарының электрмен, ауызсу және жылумен қамтамасыз етілуі оның тұрақты жұмыс істеуіне тікелей байланысты. Сондықтан жабдықтарды жөндеу, жаңғырту және алдағы жылғы маусымға дайындық мәселелері Мәжіліс депутаттарының ерекше бақылауында.

Былтыр қазандық агрегаттары, резервтік қорғаныс және автоматика жүйелерін, сондай-ақ электр энергиясын басқару және есепке алу, автоматтандырылған жүйелерін жаңғырту жұмыстары басталған. Қазір ЖЭО-1-дегі №4 турбина мен №4 қазандығына және ЖЭО-2-дегі №11 қазандығына күрделі жөндеу жүргізіліп, бойлер қондырғылары

жөндеу және басқа да жұмыстар жалғасуда. Ал өңірдегі су тапшылығын азайту үшін МАЭК аумағында тәулігіне 24 мың текше метр су өндіретін тұщыландыру қондырғыларын салу жоспарлануда.

Мәжілісмен Еділ Жаңбыршин Маңғыстау атом энергетикалық комбинатының аймақ үшін тұрақты жұмысының маңыздылығына тоқталып, кәсіпорынды одан әрі дамыту мен жаңғырту қажетін атап өтті.

— Елімізде энергостанса жабдықтарының, инженерлік желілер мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымының тозуы ондаған жылдар бойы жинақталған мәселе және шұғыл шешуді талап етеді. Тұрғындар үшін жарық, су, жылу тұрақты және сенімді түрде берілуге тиіс. Бұл мәселелерді жүйелі шешуді «AMANAT» партиясы сайлауалды бағдарламасына енгізген болатын және оның жүзеге асуын депутаттар қатаң бақылауға алып жатырмыз. Биыл жазда Ақтау тұрғындары бірнеше күн суыз қалды, тіпті шағынаудандарда бір апта, ал жекелеген үйлерде бір айға жуық су болмады. Мұндай жағдайларды болдырмауымыз қажет. Ол үшін алдағы уақытта МАЭК-тің жабдықтарын ағымдағы және күрделі жөндеулермен бірге, электр, су және жылу қуаттарын арттыратын жаңғырту жұмыстарын жүргізу қажет. Қазір жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде. Бұл үлкен қаражатты талап етеді, мысалы №3 ЖЭС-ның әр блогына шамамен кемінде 15 миллиард теңге қажет, — деді депутат.

Өз кезегінде «МАЭК» ЖШС-ның бас директоры Кинис Ураков бюджет қаражатын игеру мерзімдерін заңнамалық деңгейде қайта қарау қажетін айтты.

— Турбина, қазандық, генераторлар сияқты жабдықтардың көпшілігі шетелде шығарылады. Логистиканы айтпағанда, олардың өндіріс мерзімі 8 айға дейін созылады. Сол себепті бізге 3,6 млрд теңгені мемлекетке қайтаруға тура келді. Сондай-ақ мердігерлерді әкімдік тендері арқылы емес, тікелей өзіміз жалдай алатындай тендерлерді өткізу туралы норманы қайта қарауды ұсынамыз, — деді ол.

Еділ Жаңбыршин бұл ұсыныстар Мәжілістің тиісті комитетінде Үкіметпен бірлесе отырып жан-жақты зерделенетінін атап өтті.

— Біз «AMANAT» партиясының өкілдері, кәсіпорынның жұмысын тексеріп, қандай көмек көрсетуге болатынын, заңдарға қандай өзгерістер енгізу керектігін және қаншалықты қаржыландыруды қажет ететінін анықтаймыз. Мәселен, Үкіметтен бөлінетін қаржы тек бір жылға бөлінеді, оны игеріп үлгермейді және қалдық қаражат қайтадан бюджетке қайтарылады. Былтыр қаражаттың едәуір бөлігі қайтарылды. Сондықтан қаржыны игеру мерзімін ұзарту қажет, — деді мәжілісмен.

Еске сала кетейік, бұған дейін Мемлекет басшысы саладағы «көлеңкелі» схемаларды ретке келтіруге және жоюға бағытталған «Жылу энергетикасы туралы» заңға қол қойған болатын. Бұл тариф белгілеу қағидаттарын айқындау, елді мекендерді жылумен жабдықтау жүйелерін жетілдіру схемаларын енгізу, нысандарды жылыту маусымына тиісті дайындық жасамағаны үшін айыппұл салу, мемлекеттік бақылау функцияларын күшейту және тағы да басқа көптеген шараны қамтиды.



(Басы 1-бетте)

Кәмила ЕРКІН

Ғимаратты сараптамадан өткізу кешенді жұмыс. QRG Standart ЖШС-ның жетекшісі Әсет Ғаббастың айтуынша, ондағы негізгі мақсат — құрылыс нысанының техникалық жағдайын бағалау, ақаулар мен зақымдануларды анықтау, қауіпсіздігіне көз жеткізіп эксплуатацияға беру.

ҚАНДАЙ КЕЛЕҢСІЗДІКТЕР БАР?

— Құрылыс кезінде көптеген ақаулар кездесіп жатады. Мысалы, кейде ғимараттың іргетасы дұрыс тандалмайды. Соның әсерінен оның іргетасы отырады, тіпті механикалық тұрғыда зақымдалады немесе физикалық тұрғыда тозулар пайда болады. Кейде ғимарат орналасқан орта агрессивті болуы мүмкін. Тұрғын үйлерге келер болсақ, көп жағдайда гидроизоляция дұрыс жасалмағанын көреміз. Шатыр жабындарына қатысты да сапасыз орындалған жұмыстар кездеседі. Қарапайым номартивтер сақталмайды. Жоба бойынша барлығы керемет болғанымен, іске келгенде қаражатты үнемдеу үшін немесе қаржыны дұрыс есептемейтін жайттарға куә болып жатамыз. Оның кері әсері 1-2 жыл немесе 5 жыл өткеннен кейін байқалады. Мұның барлығы құрылыс-монтаж жұмыстары мен құрылыс материалдарының сапасына тікелей байланысты. Біз осындай салғырттықтың әсерінен тұрғын үйлерде су кету және тұрғын үй кешенінің ішіне су кіретін жағдайларды жиі кездестіреміз. Мұндай нысан өте көп, — дейді ол.

Оның айтуынша, тәуелсіз сараптама жасауға көбіне құрылыс компаниясынан осындай қателіктері үшін өтемақы өндіруге ниетті немесе салған мекеменің сол қателіктерді түзетіп беруіне мүдделі азаматтар хабарласады.

— Бірақ мұндай жағдайларды кепілдік мерзімі аяқталмастан бұрын жүргізген абзал. Өйткені мерзімі өткен соң әрі қарай іс сотта қаралады да жұмыстар созылып кетеді. Кейде келіспеушіліктер туындаған жағдайда құрылыс компанияларының өздері де осындай тескерістер жүргізуге тапсырыс беріп жатады. Мысалы, Қарағанды қаласында ең жиі кездескен жайттың бірі — ғимараттың жылу жоғалтуы артқан. Біз нысанға арнайы барып, тепловизор көмегімен жылудың қай жерде сыртқа кетіп жатқанын анықтадық, — дейді ол.

Құрылыс инженерінің саласында қызметтердің толық спектрін ұсынатын ірі компаниялардың бірі «Астана Технадзор» маманы да құрылыс кезінде қандай кемшіліктер кездесетінін айтып берген болатын. Оның пікірінше, көптеген құрылыс компаниялары бекітілген гидроизоляция технологияларын сақтамайды.



— Жоба бойынша міндетті түрде сапалы гидроизоляция қарастырылады. Ал іс жүзінде оны сапалы етіп жасайтын — біріншіден, маман жоқ, екіншіден, асығыстық қылады. Ылғалдан қорғайтын материал әбден кепкен іргетасқа жабыстырылуы керек. Ашып айтсақ, бізде бетонның кебуін күтпейді. Барлық норма сақталмағандықтан, ортасында бос кеңістік пайда болып, ол жерге конденсат толып қалады. Конденсат суық ауа райы кезінде мұзға айналып гидроизоляция материалын жыртып жібереді де, сол жерлерден кейін жерасты сулары өтеді. Жауын-шашын көбейгенде ғимараттың жерасты мен төменгі қабаттарын су шайып кететіні содан. Себебі бұл маңдағы жерасты суларының деңгейі біріншіден, жоғары екіншіден, химиялық құрамы жағынан өте агрессивті, яғни тұзды деуге болады. Одан кейін ғимараттың іргетасындағы тайротикалық тесіктер бітелмейді. Ол бастапқыда іргетас қалыбын берік ұстап тұру үшін қажет. Технологияға сәйкес, қалыпты шешкеннен кейін ол тесіктер бекітілуі керек. Бірақ құры-

САПАСЫЗ ҚҰРЫЛЫС САРСАҢҒА САЛМАСЫН

лысшылар асығыстық танытып, мұндай кішігірім жайттарды ескермейді. Бұл судан қорғайтын жабындар жақсы жасалса да, ғимараттың ішіне су кіруіне үлкен себепші, — дейді техникалық қадағалау инженері Түлкібай Қошанұлы.



Ал Әсет Ғаббастың айтуынша, негізі заң бойынша тұрғын үй эксплуатацияға берілмес бұрын оның барлығы техникалық және авторлық бақылау арқылы жіті тексерістен өтуі қажет.

— Ал қазір кездесіп жатқан ақаулардың барлығы әр адамның жеке жауапкершілігіне келіп тіреледі. Өйткені заңда құрылыс нормалары бойынша барлық стандарттар қарастырылған, жазылған. Түптеп келгенде елде жоқ бірегей құрылым емес, қаншама жыл бойы тұрғызылып келе жатқан қарапайым тұрғын үй құрылысы. Сондықтан оған қатысты нормалар мен стандарттардың барлығы заңда қарастырылған, — дейді маман.

МЫҚТЫ МАМАНДАР ТАПШЫ

Сарапшы бұл олқылықтардың болуына мамандардың кәсіби біліктілігінің жетіспеуі себеп дейді. Себебі мұндай технологияны жасайтын сапалы мамандардың жұмыс ақысы қымбат. Сондықтан құрылыс компаниялары қаражатты үнемдеу мақсатында білікті маман емес, қарапайым жұмысшының көмегімен ылғалдан қорғайтын қабатты аяқтауға тырысады.

— Құрылыс компаниялары пәтерлерді қымбат сатқанымен, көп табыс табу үшін нысанның өзіндік құнын төмендетуге тырысады. Арзан жұмыс күші бұл үнемдеуге болатын алғашқы амалдардың бірі. Әрине, олардың біліктілігі төмен болады, — дейді техникалық инженер.



Қазақстан құрылысшылар одағы (ҚҚО) төралқасының төрағасы Талғат Ерғалиев те маман тапшылығы мәселесі өзекті екенін айтып отыр.

— Біз алғашқылардың бірі болып саладағы білікті мамандар тапшылығы мәселесін көтерген едік. Ал білік біз 20 жыл бұрын жар салған бұл проблеманы енді ғана айта бастады. ЖОО-ға түсуші студенттер қатары жеткілікті болғанымен, жыл өткен сайын сапалы кадрлардың қатары сиреп келеді. Жастар қазір PR мен IT, маркетинг, менеджмент секілді жаңа мамандықтарды таңдауы себепті, индустрияда мамандардың жетіспеушілігі қатты байқалады. Бірақ бұл бүкіл дүние жүзінде сезіліп жатқан тенденция. Тіпті, 125 млн халқы бар Жапонияның, 1,5 млрд халқы бар Қытайдың өзінде де жастар индустрияға барудан бас тартып отыр. Өйткені олар құрылыс алаңында алатын ақшаны тапсырыстарды жеткізуші болып жүріп те таба алады. Сондықтан құрылыс саласында біліктілігі жоғары мамандарды сақтап қалу үшін еңбақы көлемін арттыру керек, ал ол құрылыстың өзіндік құнының қымбаттауына әкеліп соқтырады, — дейді ол.

САЛҒЫРТТЫҚҚА НЕ СЕБЕП?

Дегенмен сарапшылар құрылыс саласындағы бюрократия білікті маманнан да маңызды мәселе деген ортақ пікір айтып отыр. Өйткені нысан 1 жыл ішінде салынып бітпесе, жоспардағы табысқа қол жеткізу қиын. Ал қаражат жетіспесе, көп кемшіліктің туындауына түрткі болатыны айтпаса да



белгілі. Бұл бір жабық шеңбер іспетті. Әсіресе, мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғызылатын құрылыс нысандары қағазбастылыққа көп ұшырайды. Ал Талғат Файзуллаұлының айтуынша, бұл салада сапаға әсер ететін басты фактор — ол уақыт.

— Сметалық құнға енгізілген жобалар мемлекеттік сараптамадан өткенше және оны мемлекеттік бағдарлама бойынша конкурсқа шығарғанға дейін 1-1,5 жыл кетеді. Ал бұл уақыт ішінде құрылыс материалдары қымбаттайды да, аталмыш нысанның құрылысына салынған сома жеткіліксіз болып қалады. Тиісінше, тендерді жеңіп алған құрылыс компаниясы бәрін үнемдейді: арзан жұмыс күші мен нашар материалдар алады. Нәтижесінде, сапа сыр беруі мүмкін. Сондықтан бұл бюджеттік саясатқа, құнын қайта қарау процедурасына тікелей байланысты деп ойлаймын, — дейді ол.

Маманның пікірінше, құнын қайта қарау процедурасының өзі бюрократияға толы — 1 жылға жуық уақыт алады. Көптеген құрылысшы сметалық жобадан көрсетілген жоба құнын түзету қажеттілігін әлі де дәлелдей алмай келеді.

— Өйткені түзетсең бітті барлық жұмысты басынан бастайсыз, атап айтқанда сметалық құнын қайта есептеу қажет. Ол кем дегенде 2 ай уақыт алады. Бюджеттік комиссия, одан бөлек басқа да қыруар құжатты қайта келісімнен өткізеді. Тіпті, смета құнын түзетіп жүргенде баға тағы да өсіп кетеді. Демек, бұл жерде батыстағы секілді рәсімдеуді жеңілдету жолдарын қарастырып жөн. FIDIC (Халықаралық инженер-кәсіпкерлер федерациясы) қағидаларына сүйеніп жасаған дұрыс болар еді. Бірақ FIDIC біздегі бюджет саясатына тура келмейді, яғни бір-біріне қарама-қайшы ұғымдар, — дейді ҚҚО төралқа төрағасы.

Құрылыс саласында біте қайнасып жүргендіктен болар техникалық қадағалаушы инженер маман кей құрылыс тым асығыс жүзеге асырылатынына аландайды. Өйткені құрылыс компаниялары мемлекеттен құрылысты бастауға рұқсат беретін құжаттары болмаса да, нысанды тұрғызуды бастап кететін көрінеді.

— Мысалы, Астана қаласында салынып жатқан құрылыстардың көбі рұқсат қағазы болмаса да салынып жатыр. Жер бос болмай, жобасы аяғына дейін жетпей қалатын жайттар кездеседі. Ал ғимараттың сапасына келетін болсақ, қыстығүні қаладағы кептеліс әсерінен бетон кешігеді. Соның әсерінен болашақта құрылыс нысанының сапасы төмендейді, өйткені қыстың суық ауасында сұйық бетон қатып қалады немесе қоюланып кетеді, — дейді ол.

Мұның бір ұшы жиі дау-дамайға ұшырайтын үлестік қатынаспен салынып жатқан тұрғын үй кешендеріне келіп тіреледі. Тірнектеп жиған табысын баспанаға құйған кей

азамат жылдар бойы соттан сотқа сабылады. ҚҚО төрағасы Талғат Ерғалиев оның себебін заңнамадан іздеген абзал дейді. Оның пікірінше, нарықтың жақсы жұмыс істеуіне кепіл болуы қажет нормалар «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңда толық қамтылмаған.

— Үлескерлер туралы 2016 жылы шыққан заң әлсіз, өйткені оны Мәжілісте емес Сенатта қарады. Мүмкін Сенатта депутаттар корпусы тарапынан да, қоғамдық бірлестіктер тарапынан да өзгерістер енгізуге қауқарлы сарапшылар болмаған шығар. Сондықтан ол министрлік ұсынған қалпында, қабылданып кетті. Яғни, «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заң нарықта жұмыс істеуі үшін қажетті өзгерістер мен түзетулер ешқандай қосымша зерттеуден өткен жоқ. Егер заң құрылысшыларды да, үлескерлерді де қорғаса, ортақ жауапкершілік болса, үлескерлерді тарту бойынша нарықта жұмыс істеу мүмкіндігі градиенттік тәсілмен жүзеге асырылар еді. Яғни, тәжірибесі жоқ құрылыс компаниясы үш қабаттан артық құрылыс сала алмайды. Осы жобадан кейін ғана одан да күрделі нысандар салуға мүмкіндік алады. Оның бәрі тәжірибемен келуі керек. Ал заңда мұндай «жеңілден күрделіге бағытталған» градиенттік тәсіл жоқ, — дейді төралқа төрағасы.

Занды өзгерту керек деген сарапшы сонда ғана нарыққа тек тәжірибелі адамдар кіре алады деп есептейді. Оның пікірінше, әзірге заң нарық қағидаларына сәйкес емес. Бұл тәжірибелі құрылыс компанияларының үлестік қатынаспен тұрғын үй салуға құлықсыз болуының басты себебі.

— Сондықтан рәсімдеу шараларына өзгеріс қажет деп есептеймін. Яғни, компания жайындағы маңызды мәліметтерді қамту арқылы процедураны цифрландыру керек. Мысалы, компанияның нарықта жұмыс істеген мерзімі, үлестік қатысу туралы заң талабына сәйкес салған нысан көлемі шартты түрде 10-30 мың шаршы метрден көп болуы, мемлекеттен бөлінген жер учаскесі, эскиздік жобалар, Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасынан хабарлама мен сараптама қорытындылары. Егер осы деректер болса, құрылыс компаниясы бағдарламаға қатыса алады. Сонымен қатар қандай да бір аяқ астынан туындайтын жағдайдан сақтандыру үшін ҚТҚ-ға қосымша сметалық құнның 1 пайызы енгізілсін. Бұл ертен құрылысқа жұмсалатын кепілдік қаражат болмақ. Осының өзі құрылысшының бірден жұмысқа кірісуіне жеткілікті. Қазір мұның бәрі көп уақытты қажет етеді, сондықтан көптеген тәжірибелі компания үлестік қатысу арқылы жұмыс істей бермейді. Себебі олар үшін жобаны жүзеге асыра алатын уақыт өте маңызды. Мұның бәрі заңнамада қамтылса, әрине біздің құрылысшыларымыз да көбірек нысандар салып, баға да арзандайтын еді, — дейді Талғат Файзуллаұлы.

ӨЗБЕКТЕР НЕГЕ
БОРЫШ БАТПАҒЫНА
БАТПАДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің дерегінше, 2024 жылғы маусымдағы жағдай бойынша қазақстандықтардың банктер алдындағы қарызы 18 триллион теңгеден асып кетті. Бұл шамамен 37,5 миллиард долларға жуық.

Мұның сыртында тек кейінгі бір ай ішінде бұл берешек көлемі 1,5% өсті. Азиятын емес. Оның ішінде еш кепілсіз берілген, сәйкесінше, пайыздық ставкасы да барынша жоғары тұтынушылық кредиттердің сомасы басым – 11 триллион теңгеден асып жығылды. Пәтерді кепілге алған ипотеканың үлесі – 5,5 триллион теңге.

Жалпы, бүкіл Орталық Азияда дәл Қазақстандай тұрғындары берешекке белшеден батқан басқа ел жоқ деуге болады. Мысалы, Қырғыз Республикасының Ұлттық банкінің дерегінше, бұл республикада жеке тұлғалардың банктер алдындағы қарызы 281,1 миллиард сомды құрайды. Бұл қазіргі бағаммен 3,2 миллиард долларға тең.

Өзбекстанның Орталық банкінің дерегінше, жеке тұлғалардың банктер алдындағы қарызы 148 триллион 621 миллиард сумға жетті. Бір қарағанда, естен тандырарлық сома. Алайда бүгінгі бағам бойынша 1 доллар 12 665 өзбек сомы тұрады. Тиісінше, аталған сома небәрі 11,7 миллиард долларды құрайды. Бұл жерде Қазақстанда 20,1 миллион адам ғана барын ескеру қажет. Ал Өзбекстан халқының саны 2024 жылғы 1 шілдеде 37 миллион 134,2 мыңнан асып кетті.

Қазақстанда жеке тұлғалардың тек банк алдындағы қарызын халыққа шаққанда, әрбір қазақстандыққа 1 мың 860 доллардан көп келеді. Өзбекстанда жеке тұлғалардың банктік қарызын халыққа шаққанда, әрбір өзбекстандыққа бар-жоғы 315 доллардан келеді.

Өзбекстанның Макроэкономикалық және өндіріс зерттеулер институтының жетекші маманы Умида Мамасалаева мұның сырын түсіндірді. Біріншіден, өзбек елінде банк кредиттері қымбат: ұлттық валютадағы орташа пайыздық ставкалары 23,6%-ды құрайды. Қазақстанда – шамамен 10-15 пайыз.

Екіншіден, оңтүстік көрші халыққа несие беру талаптары Қазақстаннан көп бұрын қатайты. Мысалы, Өзбекстанда қарыз алуға келген клиентке өз табысының 60%-ын несиені өтеуге бағыттауға тура келетін болса, онда банк заем беруден бірден бас тартуы тиіс. Келесі 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап, осы «қарыз жүктемесі көрсеткіші» (ҚЖК) 50%-ға дейін түсіріледі. Осы арқылы Орталық банк халықтың кредиттелу қарқынын одан әрі баяулатуға ниетті. Оның орнына экономиканы әрі қарай қарқынды дамыту үшін кредиттің бизнеске көбірек берілуіне екпін түсіріледі.

Бұл ретте ҚЖК-де тұтынушының барлық алым-салығы алып тасталғаннан кейін қолында қалатын айлық таза табысы ғана есептеледі. Несие берудегі қатаң талаптар мұнымен бітпейді: заем алушының жинақтаған зейнетақы жарналарының көлемі жеткілікті болуы, барлық салығын төлеп келуі, соңғы 6 ай бойы тұ-

НЕСИЕ АЛУ

«ЕСЕЮДІ»

ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

«Еш кепілсіз лезде 10 миллион теңгеге дейін несие алыңыз!» дегені – ел-жұрттың әбден көзі үйренген хабарландыру. Бұдан былай мұндай жарнама да, ондағы уәдені жүзеге асыру да заңбұзушылық болып есептеледі. Сондай-ақ борышкердің ресми табысынан бірнеше есе асып түсетін көлемде кредит беруге де тыйым салынады. Осылайша, халықты несиелендіру саласында жаңа өзгерістер өмірге жолдама алады.

рақты табысының болуы талап етіледі.

Үшіншіден, қазақтарға қарағанда, өзбектер өзара байланысын, тығыз аралас-құраластығын сақтап қалды. Бұл дәстүр заңмен реттелген. Мысалы, «Азаматтардың өзін-өзі басқару органдары туралы» заңына сәйкес, махалла ақсақалына (төрағасына) көптеген өкілеттік берілген. Махалланың әлдебір тұрғыны өмірлік қиын жағдайға тап болса, төраға жұртшылықты жиналысқа жинап, жылу жинап беріп, оны қолдай алады. Заң оған жұрттың келісімін алып, махалланың қаражатын қайырымдылық түрінде немесе уақытша беруге рұқсат етеді екен. Соның арқасында әлгі адам қиындықпен жалғыз қалмайды немесе банкке шұғыл жүгініп, қарыз алуға мәжбүр болмайды. Ақсақал оның банкпен арадағы дауын шешу үшін өз тұрғындарының мүддесін сотта қорғау құзырына да ие.

ОЙЛАНБАЙ АЛҒАН ОҢАЙ
КРЕДИТ ОҢДЫРМАС

Мәдениет саласының қызметкері, жалғызбалалы ана Гүлнұр Нұрлыбек (аты-жөні өзгертілген) қарыз шыңырауына түсіп кеткен қазақстандықтардың бірі. 260 мың теңге жалақысы өміріне, өзінің және отбасының қажеттіліктеріне жетпеген соң, алдымен онлайн несиелендіру әуестен бастайды.

–Тамада болып жұмыс істедім, бірақ нарықта әйел асабаларға сұраныс шамалы көрінеді, әрі аз ақы алғандымды қалап тұрады. Тойларда ішіп алған қонақтардың тиісетіні де ыңғайсыздық туғызады. Instagram-да актриса, модель Адайбекованың курсына жолықтым, тегін вебинармен қызықты. Өзінің қалай табысқа жеткенін, бай болғанын айтып, соның айла-тәсілін үйрететінін айтты. Бірақ ол үшін қымбат курсты сатып алу керек болды. Білім беру қызметін көрсетуге



заем беру туралы келісім бекітіп, банктен несие алғызды. Курс сапасыз болып шықты, нәтиже шықпады. Әдемі киініп, көркем көріну керек көрінеді. Оған да қарыздануға тура келді, – дейді Гүлнұр.

Бүгінде оның банктер, микроқаржы ұйымдары алдындағы түрлі заемдары бойынша жалпы қарызы 700 мың теңгеден асқан. Соттан тыс банкроттыққа былтыр өтініш берген, ережелерін дұрыс түсінбегенін айтады, содан ба, мақұлдаудан бас тартылыпты. Биыл құжаттарын толықтырып, қайтадан өтінім тапсырған, қорытындысын күтіп жүр.

Банк қызметкері Күнсұлу Хайрулина қазақстандықтардың бәрі болмағанымен, үлкен бөлігі кредитті ойласпай алатынын айтады. Негізгі қарыз алушылар – жастар және әйелдер екен.

– Кейбір қыз-келіншек косметологиялық қызметтерге, мысалы, тәнімнің контурларын түзетемін, мықын-бөксе, қарын және басқа жерлерін жақсартамын деп, липосакцияға несие алатынды шығарды. Мұны әңгімелесу кезінде сұрап-білдім. Басшыларымыз тыйым салады, соған қарамастан, аяп: «Сіз онсыз да әдемісіз ғой» деп бөсең дауыспен райынан қайтаруға тырысамын. Естүімше, біраз банк косметологиялық салондармен келісімге отырған, банкке барудың да қажеті жоқ, клиент қол қойса, жеткілікті. Иә, сол бұрынғыдай той және басқа мерекелік іс-шараларды өткізу үшін несие алатындар кездеседі. Тұтынушылық несиені халық баспанасын жөндеуге, баласын оқытуға, тұрмыстық техника, саяхат пен демалысқа алады. Ең танымал бағыттардың бір тобы осындай, – деді Күнсұлу.

Банк қызметкері осы тамыз айынан банктер 8 миллион теңгеден артық кепілсіз тұтынушылық несие беруден бас тарта бастағанын жеткізді. Қаржылық реттеуші қаржылық ұйымдарға сондай талап жолдапты. Осы орайда Қазақстан кешігіп болса да, халықтың шектен тыс кредиттелуіне тосқауыл қоюға кірісті.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ
ОРЫНДАЛЫП ЖАТЫР

Айта кету керек, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі несиелендіру қағидаларына өзгерістер енгізіп отыр. Соның нәтижесінде, енді қазақстандықтар банктер мен МҚҰ-лардан әлдеқайда аз қарыз ала алады, алайда ол кредиттің пайыздық ставкасы біршама төмендеме.

Бірінші кезекте, агенттіктің «Тұтынушылық банктік қарыз және тұтынушылық микрокредит сомасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» қаулысы өмірге жолдама алды. Оған сәйкес, қазақстандықтардың банктер мен МҚҰ-ларда рәсімдей алатын тұтынушылық заемдардың ең жоғарғы межесі қатаң шектелді.

Атап айтқанда, банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктік қарыз сомасының жаңа жоғарғы шегі келесідей болады: біріншіден, кепілсіз банктік қарыз бойынша – 2 200 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс (2024 жылы бұл 8 122 400 теңгеге тең). Ал жылжитын-жылжымайтын мүлік және басқа кепілдігі бар, қамтамасыз етілген банктік қарыз, мысалы, ипотека сомасы – шектелмейді.

Екіншіден, микроқаржы ұйымдары беретін тұтынушылық

микрокредиттің сомасы еш кепілсіз микрокредит бойынша – 1 100 АЕК-пен шектеледі (2024 жылы – 4 061 200 теңге). Кепілмен қамтылған микрокредит көлемі – шектеусіз.

Бұған қоса, тамыз айынан соң Қаржы нарығын реттеу агенттігі мен Ұлттық банктің банктер мен МҚҰ-лардың несиелері бойынша сыйақылардың жылдық тиімді ставкаларының шекті мөлшерін төмендету туралы бірлескен қаулысы күшіне енеді.

Оған сәйкес біріншіден, кредиттер бойынша ең жоғарғы ставка бұдан былай кепілсіз банк заемдары бойынша – 46%-дан (бұрынғы көлемі 56%) аспауға тиіс. Екіншіден, кепілі бар банктік заемдар бойынша ең жоғарғы ставка 35%-бен шектелді (бұған дейін 40% болатын). Үшіншіден, Қазақстанда 25%-дан қымбат ипотека болмауға тиіс. Төртіншіден, МҚҰ-лардың микрокредиттері бойынша ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемесі 46%-дан (бұрын 56%-дан) жоғары бола алмайды.

«Жалақыға дейін», яғни 45 күнге дейінгі мерзімге берілетін микронесие бойынша да мөлшерлеме қатаң шектеледі: күн сайын үстемеленетін атаулы сыйақы ставкасы енді 0,3%-дан аспауы керек. Бұрындары 1 пайызға дейін шарықтатуға рұқсат етілетін.

Сонымен қатар республикада қарыз алушының табысынан бірнеше есе асып түсетін көлемде кредит беруге тыйым салынбақ. Осы мақсатта жаңа пруденциалдық норматив – қарыз алушының кірісіне қатысты қарыз коэффициенті енгізіліп жатыр. Бұл ретте Ұлттық банк басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі №170 қаулысына және 2019 жылғы 14 қарашадағы №192 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізген Агенттік басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы жаңа №63 қаулысы қабылданды.

«Қарыздың борышкердің кірісіне қатысты коэффициенті – ол адамның ай сайынғы кірісінің 50%-ы деңгейінде қарыз алушының мерзімді төлемдерін шектейтін қарыз алушының борыш жүктемесінің қолданыстағы коэффициентіне қосымша пайдаланылады. Жаңа норматив азаматтардың борыш жүктемесінің шамадан тыс өсуін шектейді және қарыз алушылардың кірістерінен бірнеше есе асытын кредиттер беруге жол бермейді», – деп хабарлады агенттік.

Бұған дейін биылғы 1 шілдеде күшіне енген жаңа қағидаларға сәйкес, бұрынғы кредиттің төлем енгізуді қойып кеткеніне 90 күннен асса, ондай азаматтарға банктер жаңа несие беруден бас тартады.

Президент Қ.Тоқаев қазақстандықтардың шектен тыс несиелендірілуіне жол бермеу, борышкерлердің құқығын қорғау, тәуекелдерді төмендету тетіктерін әзірлеуді жүктеген болатын. Бұл тапсырма орындалып жатыр. Мысалы, енді қаржылық ұйымдар несиесін өтей алмай қалған азаматтардың берешегін 2 жыл бойы коллекторларға бере алмайды. Бұл мындаған борышкердің қуғын-сүргіннен құтылуына мүмкіндік бермек. Тиісті петиция қажетті қол жиса, онлайн-несиені шектеу шаралары да қаралуы мүмкін. Осы және басқа шаралар қаржы нарығын реттеуді жақсартуға, қарызға батқан қазақстандық қоғамды сауықтыруға ықпал етсе, құба-құп.

Елдос СЕНБАЙ

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ САПАСЫ – МӘЖІЛІС БАҚЫЛАУЫНДА

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрайымы, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Снежанна Имашева Батыс Қазақстан облысындағы «Барбастау – Ақжайық – Индер» тасжолын қалпына келтіру жұмыстарының барысымен танысты.

Батыс Қазақстан облысында бүгінде республикалық маңызы бар жолдардың қалыптасу жағдайындағы үлесі 73 пайыз, ал жергілікті маңызы бар жолдардың үлесі 52 пайыз. Мәселені шешу үшін биыл жалпы сомасы шамамен 85 миллиард теңгеге 576 шақырымнан астам барлық көлемдегі жолды жөндеу жоспарланған. Атап айтқанда, «Барбастау – Ақжайық – Индер» тасжолын қайта жаңғыртуға 8,3 млрд теңге қарастырылған. Мердігерлер жыл соңына дейін жолды пайдалануға беруі қажет. Осы орайда депутат Снежанна Имашева жүріліп жатқан жұмыстардың сапасын тексерді.

«Жергілікті тұрғындар әкімдік пен партияның облыстық филиалына жол сапасына қатысты негізгі шағымдарымен бірнеше рет жүгінген. Жөндеу жұмыстары жүріп жатқан жолдың беті біркелкі емес, шұңқырлары бар. Сондай-ақ жол жамылғысының зақымдануына су тасқыны да әсер етті. Сайлау науқаны кезінде партия жолдарды салу мен жаңғыртуға уәде берді. Өңірлерге іссапарлары барысында депутаттар сайлауалды бағдарламаның орындалуын қадағалайды. Біз мердігерлердің жобаны уақытында тапсыруын бақылауға алатын боламыз. Жалпы, сайлауалды бағдарламамыз аясында облыста 2027 жылға қарай 700 шақырым жол жөнделеді, – деді С. Имашева.



«Барбастау – Ақжайық – Индер» бағыты Орал қаласын сегіз елді мекенмен ғана емес, Атырау облысымен де тікелей байланыстырады деп жоспарланып отыр. Жобаға түзетулер енгізілгеннен кейін жұмыс қайта басталды және жыл соңына дейін аяқталуға тиіс. Жаңа жолды асыға күткен жергілікті тұрғындар құрылысшыларға сын-пікірлерін де білдірді.

– Жолда екі көлік қарсы келе жатқанда, шаң көтеріліп, бағаналар көрінбей қалады. Салдарынан арттағы көліктер апатқа ұшырауы мүмкін. Сондықтан су сеуіп отыру керек. Ал егер жауын жауса, мұнда көліктер тұрып қалады. Тым болмаса қазір осы жерге қиыршық тас төгіп берсін, – дейді Шағатай ауылының тұрғыны Бауыржан Айбеков.

Нысанның бас мердігері – Uniserv компаниясы. Оның директоры Дінмұхаммед Сәтбаев қиындықтарға қарамастан жол биыл жыл соңына дейін аяқталады деп сендірді.

Бұған дейін облыста 2019–2023 жылдар аралығында мың шақырымнан астам жол жөндеді. Нәтижесінде, нормативтік деңгей 28-ден 52 пайызға дейін көтерілді. Сондай-ақ 900 шақырымға жуық аудандық маңызы бар және ауылшілік жолдар жөндеді.

ДҰРЫС ТАҢДАУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Сонымен, елімізде АЭС салуға қатысты жария талқылаулар легі аяқталды. Ол еліміздің барлық аумағында өтті. Ең соңғы 20-сыншы жиын Астана қаласында болды. Қай кездесу де өте қызу пікірталаста өрбіді. Жұртшылық өз ойын бүкпесіз жеткізді. Оны ұйымдастырушылар алқасы көңіл дәптеріне түртіп алып та жатқан болар. Біздің бір көзіміз жеткені, қарсы пікір білдіргендердің көбі оның пайдалы екеніне күмәнсіз қарайтыны, тек экологиялық қауіпін алаңдайды. ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ жүргізген сауалнама да осыны айғақтап отыр.

Нұрлан ҚОСАЙ

53,1% ҚОЛДАЙДЫ

Халық АЭС салу идеясына қалай қарайды? Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының тапсырысы бойынша 7-18 тамыз аралығында жүргізілген телефон арқылы әлеуметтік сауалнама осы туралы болды. Оған 17 облыстан және республикалық маңызы бар Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан 18 жастан асқан 1 200 респондент қатысқан екен. Олардың көпшілігі, яки 53,1%-ы АЭС салу идеясын қолдайтынын білдірген. Оған үлкен үміт артатынын, әсіресе, 2030 жылға қарай электр энергиясы тапшылығы жойылатынына сенетінін айтқан. Ал АЭС салу идеясына қарсылар – 32,5%. Олар негізінен ықтимал апаттар мен олардың қоршаған ортаға тигізетін зардаптарына алаңдаушылық танытады. Сонымен қатар әрбір оныншы респондент, яки 14,4%-ы әлі өз таңдауын жасамаған.

«Сондай-ақ респонденттердің жартысы – 51,0%, өздерін АЭС құрылысына қатысты референдумда «қолдау» немесе «қарсы» деп дауыс беру үшін жеткілікті ақпарат пен білім деңгейіне иеміз деп санайды. Респонденттердің тағы 12,2%-ы ол туралы жеткілікті білмейтінін мойындайды. Сауалнамаға қатысқандардың 31,6%-ы АЭС туралы мүлдем ештеңе білмейтінін айтады. Ал 5,2%-ы жауап беруге қиналды. Сауалнама барысында респонденттердің 42,6%-ы АЭС салу мәселесі бойынша референдумға қатысуға толыққанды ниет білдірді. Тағы бір 16,4%-ы қатысу мүмкін екенін жеткізді. Респонденттердің 25,3%-ы референдумға қатыспайтынын айтса, 8,9%-ы қатыспауымыз мүмкін деді, ал 6,8%-ы жауап беруге қиналды», – дейді Президент жанындағы ҚСЗИ Қоғамдық пікірді зерттеу бөлімінің басшысы Салтанат Ермаханова.

ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУ – ҚОҒАММЕН ДИАЛОГ

Еліміздің барлық өңірінде жария талқылаулар циклі өткені белгілі. 17 облыс пен 3 мегаполисті қоса алғанда, 20 жиын өтті. Соның соңғысы Астанада болған еді. Қай кездесу де атом саласының сарапшылары, мемлекеттік органдардың, жұртшылық пен азаматтық сектордың өкілдері қатысты. Талқылаулар қызу пікірталаста өрбіді. Еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, АЭС құрылысына дайындық, сондай-ақ атом саласы үшін кадрлар даярлау мәселелері қозғалды. Мамандар қоғам өміріне бейжай қарамайтын азаматтарға атом генерациясы және ядролық технологиялар туралы түсіндірді. Мәселен, Астанадағы жиында Энергетика министрлігі Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті директорының орынбасары



Гүлмира Мұрсалова өз сөзінде Қазақстанда электр энергиясының 70%-ы көмір стансаларында өндірілетінін, олардың орташа тозуы 70%-дан асатынын атап өтті.

«Бұл стансалардың кейбірі келесі 10 жыл ішінде пайдаланудан шығарылуы керек. Ал елімізде электр энергиясын тұтынудың жыл сайынғы өсімі шамамен 3%-ды құрайды. Ең жоғары сағаттарда Қазақстан шекаралас елдерден электр энергиясын жоспарлы түрде сатып алады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша тұтынылған 115 млрд кВтсағ энергияның 2 млрд кВт сағатынан астам көлемі Ресей Федерациясынан жоспарлы түрде сатып алынды. Болашақта бұған жол бермеу үшін біз қазірдің өзінде тиісті шаралар қабылдауымыз керек. Қазір көптеген ел АЭС салуда. Қытайда 26 реактор салынып жатыр, Беларусь пен Біріккен Араб Әмірліктері өзінің алғашқы атом электр стансаларын салды, Түркия атом электр стансасын салуда, ал көршіміз – Өзбекстан шағын атом стансасының құрылысы туралы жариялады», – деді ол.

Ал «Ұлттық ядролық орталығы» РМҚ бас директоры Эрлан Батырбеков жиналғандарға мамандандырылған физикалық кедергілер мен апатқа қарсы әрекет ету шараларының жиынтығы туралы айтып берді. Сөзінше, қазіргі заманғы АЭС терен эшелондалған қорғаныс жүйесінен тұрады екен. Қазіргі заманғы реакторлардағы пассивті салқындату жүйелері оператор тарапынан толық әрекетсіздік болған күннің өзінде үш тәулік ішінде апаттық реактордан жылуды өз бетінше бұруға қабілетті. Қазақстанда АЭС салу үшін бір-бірін сәтті толықтыратын және өзара алмастырылатын пассивті және активті қауіпсіздік жүйелері бар III және III+ буынды барынша қауіпсіз реакторлар ұсынылуда.

«Мұның бәрі бүгінгі күні 8 балға дейінгі жер сілкінісіне, 56 м/с жылдамдықтағы дауылды желге, су тасқынына төтеп беруге мүмкіндік береді. Ықтималдығы аз ең ауыр апат болған жағдайда балқуды белсенді аймақта ұстап қалатын арнайы қоршау қарастырылған», – деді Эрлан Батырбеков.

«Қазақстан атом электр стансалары» ЖШС бас директоры Тимур Жантинкин Қазақстанның солтүстігінде электр энергиясы тапшылығы әзірге байқалмайтынын, алайда оңтүстікте жағдай күрделірек екенін айтады. Солтүстік-Оңтүстік желісі қазіргі уақытта 2 100 мегаваттқа дейін өткізіп тұр, бірақ бұл оңтүстік аймақтарды қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Ол жақта электр энергиясы тапшылығы 2,7 гигаваттқа дейін жететіні анықталып отыр.

Спикерлер сөз сөйлегеннен кейін талқылауға қатысушылар сұрақтар қойып, атом электр стансасының құрылысы туралы өз пікірлерін айта алды. Атом энергетикасы саласында тоғыз жылға жуық жұмыс істеп келе жатқан Айнагүл Хаметова Л. Гумилев атындағы

ЕҰУ-дың III курс докторанты екен. Жас ғалымның айтуынша, АЭС құрылысы жаңа жұмыс орындарын құруға және өңірлерді дамытуға ғана емес, ғылымның дамуына да оң әсер етеді.

«Мен мұны ғылыми тұрғыдан зерттеп жатырмын және АЭС салу үшін көптеген қорғаныс материалы жасалып жатқанын білемін. 1950-жылдармен салыстырғанда бұл радиацияға төзімді және ыстыққа төзімді материалдар. Біз қауіпсіздік үшін алаңдамай-ақ АЭС-ті пайдалана берсек болады», – деп атап өтті ол.

Қазақстандық электр энергетикасы қауымдастығы төрағасының орынбасары Әлішер Құрбанәлиев ресми деректерге сәйкес 2030 жылға қарай жүйеде электр энергиясы тапшылығы шамамен 6% болатынын айтты. Сонымен қатар ең алдымен, көмір генерациясынан зардап шегетін Өскемен, Теміртау қалалары үшін экология мәселесі өзекті болып тұр. Ал ең бастысы Қазақстан – ядролық отын шығаратын аз елдердің бірі. Сондықтан да алғашқы АЭС-імізді салған жағдайда ешкімге қол жаймаймыз. Осылайша, қоғамдық талқылау барысында жиналғандар өз пікірлерін еркін айтып, референдумда өз таңдауларын жасайтынын ашық білдіріп тарқасты.

КӨМІРДЕН КӨП АРЗАН ӘРІ ТАЗА

Жария талқылау барысында сөз сөйлегендердің бірі – Мәжіліс депутаты Никита Шаталов болды. Ол көмір электр стансаларына, атап айтқанда Қарағанды облысына жасаған сапары туралы айтып берді. Оның сөзінше, қала Топар ГРЭС-інен шығарылған күлге толы. Көмірдің күлі 60 жылдан бері жиналған, салдарынан «күл төбелер» пайда болған. Бұл ретте Мәжіліс депутаты мынадай бір мысал келтірді. АҚШ-тағы атом энергетикасы осы аталған уақыт кезеңінде супермаркет көлеміндегі ғана атом қалдықтарын шығарған екен.

«Меніңше, радиоактивті қалдықтар туралы айтқан кезде бір нәрсені ұмытпауымыз керек. Өйткені күлдің де зияны бар, жел соққан кезде ол Топар қаласына қарай ұшады, пәтерлерге кіріп, тыныс жолы арқылы өкпеге түседі. Бұл онкологиялық аурулар тудырады, еліміз мұндай жағдайға бұрын да тап болған», – деді спикер.

Сондай-ақ Никита Шаталов еліміздің экономиканы декарбонизациялау бағытына сәйкес болашақта көмір мен басқа да ластаушы генерацияны пайдалана отырып өндірілген әрбір өнім үшін тікелей ақшалай санкциялар енгізілетінін еске салды.

«Көмір шығаратын өңір Қарағанды облысының тумасы ретінде айтарым, мен көмірмен дем алғанымызды қаламаймын. Америкалық атом өнеркәсібі 60 жыл ішінде шығарған супермаркет көлеміндегі ғана қалдықты біздің тұрғын үйлеріміздегі пеш 5-7 жыл ішінде шығарады», – деп атап өтті Никита Шаталов.

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ «ҚЫШҚАЛА»

Сыр өңірінде ежелгі мәдениет пен сәулет өнерінен сыр шертетін көне қалашық бар. Тарихи деректерде «Қышқала» аталып кеткен бұл қалашық талай құпияны қойнына бүгін жатқаны мәлім.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Тарихшылардың мәліметіне сәйкес, еліміздегі ерекше сәулетті ескерткіштердің бірі саналатын «Қышқала» қалашығы Алтын Орда дәуірінде құрылғаны белгілі болып отыр. Нақты айтқанда, XIII-XV ғасырларда іргесі қаланған ескі қалашық 1243 жылдан бастап қазіргі атауына ие болыпты. Оның бұлай аталуының да өзіндік себебі бар. Қала құрылысы күйдірілген қыштан қаланған. Қазба жұмыстарының нәтижесінде, қалашықтың жалпы аумағы 40-50 шақырымды құрайтыны белгілі болды.

Қалашық облыс аумағындағы Сырдария ауданы, Қоғалыкөл ауылынан шығысқа қарай 2 шақырым қашықтықта орналасқан. Тарихи орынға кезең-кезеңімен зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді.

«Негізінен, 2018-2020 жылдары облыстық бюджет есебінен «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы (жетекшісі – тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуов) тарапынан кешенді қазба жұмыстары жүргізілді. Бергін келе 2021-2023 жылдары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан берілген ғылыми-зерттеу жобалары гранты аясында «Ортағасырлық Қышқала (Баршынкент)»: Алтын Орда дәуіріндегі қалалық мәдениет контекстінде» атты жоба аясында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (жетекшісі М.Елеуов) археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Осындай зерттеу жұмыстары барысында, сегіз қырлы ғимараттың, ортағасырлық кесененің, екі мұнарасы сақталған қыштан салынған құрылыстың, қыш күйдіретін пештің және XIY ғасырдағы құдықтың орындары аршылып, консервацияланды. Сонымен қатар әртүрлі үлгідегі қыш қапталар, қыштан жасалған ыдыс бөліктері, тағы басқа да жәдігерлер табылып, облыстық музей қорына бес жүзге жуық жәдігер өткізілді», – деп түсіндірді Қызылорда облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Қазбекова.

Дерекке сәйкес, көне қала жайында ең алғаш 1242 жылы итальян саяхатшысы Рубрук жазып қалдырыпты. Ал 1245 жылы Пано Карпини Сырдария өзені жағасындағы Янкинт (Jancint), Бархин және Орнас



қалаларын орналасқан ретіне қарай көрсетіп, бұл өңірде аты белгісіз қала өте көп екенін айтқан. Соның ішінде Бархим (Бархин) қаласының Жошы әскеріне берілмей ұзақ шайқасқаны туралы жазып қалдырған.

Жалпы шаһар жобамең XIII ғасырдың орта тұсымен мерзімделеді. Құрылыс нысандарының жалпы биіктігі 1-1,5 метрді шамалаған. Алайда өткен ғасырдың 50 жылдарында күйдірілген қыштан соғылған ғимараттардың басым бөлігі бұзылған.

Бүгінде қалашыққа зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқан тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуов Әуелбек Қоңыратбаевтың деректеріне сүйеніп, бұл қаланы Баршынкент шаһары деп болжайды. Қышқала жайлы XV ғасырдан кейін жазба деректердің кездеспеуі Сыр арнасы өзгергеннен кейін халықтың өзге жаққа қоныс аударуымен байланысты болуы мүмкін екенін де алға тартады. Әйтсе де, үлкен ауқымды жерді алып жатқан көне шаһар қазақтың қилы тарихының бір тармағы болып табылары сөзсіз.

Уақыт өте келе 1889 жылы Перовск уезінде барлау жұмыстарын жүргізген В.Каллаур бұл аумақты Қыс – қала (Гыш - қала) немесе таскала деп атап, оның Перовскден шығып Хиуа мен Бұқараға баратын жолдың 25-30 верстінде орналасқаны туралы жазған. Ал 1946 жылы С.Толстов басқарған Хорезм археологиялық – этнографиялық экспедициясы Қышқалада болып, оның үстінде

“
Дерекке сәйкес, көне қала жайында ең алғаш 1242 жылы итальян саяхатшысы Рубрук жазып қалдырыпты. Ал 1245 жылы Пано Карпини Сырдария өзені жағасындағы Янкинт (Jancint), Бархин және Орнас қалаларын орналасқан ретіне қарай көрсетіп, бұл өңірде аты белгісіз қала өте көп екенін айтқан. Соның ішінде Бархим (Бархин) қаласының Жошы әскеріне берілмей ұзақ шайқасқаны туралы жазып қалдырған.

шашылып жатқан ыдыс сынықтарын, заттарды жинап, картада Қышқала мен ортағасырлық Асанас пен Женттің аралығында орналасқанын көрсеткен.

Кейіннен 1960 жылы Ә.Қоңыратбаев, Ғ.Мұсабаевтар Қышқалада зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл туралы Ә.Қоңыратбаев: «Қышқаланың мағынасы онда қыштан салынған кішігірім Сарай (орда) болған... 1960 жылы біздер бірер метр жерін қазып, күйдірілген кірпіштен жасалған бармақтай сырлы құмыра таптық. Ішіне 25 грамм су кетеді, тұтқасы сынған. Осы тө-

бенін астынан күміс ақша табылған» деп жазады.

«Өңірде Қышқалаға алғашқы археологиялық қазба жұмыстарын 1990-жылы Қызылорда мемлекеттік пединституттың Т.Мәмиев басқарған студенттер тобы жүргізе бастады. Оған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен арнайы шақырылған М.Елеуов пен Д.Талеев келіп қатысты. Сол жылдарда Қышқалада жүргізілген қазба жұмыстары нәтижелі болды. Көптеген құнды жәдігерлер табылды. Сол уақытта ашылған құрылыстар, табылған археологиялық заттар Т.Мәмиевтің «Кейінгі ортағасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII - XVIII ғғ.)» тақырыбына тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазған диссертациялық жұмысында да қысқаша жазылған. Бүгінде туристердің қызығушылығын тудыратын археологиялық объектілерге жүйелі археологиялық зерттеу жұмыстары жалғасын тауып жатыр. Жалпы, қазақ мемлекетінің бастауы болып саналатын, Алтын Орда кезеңіне жататын Асанас, Қышқала, Жент, Сығанақ секілді қалашықтарда зерттеу жұмыстарын жүргізудің маңызы зор деп санаймыз. Бір кезеңге жататын қалаларда қазба жұмыстары жүргізіліп, зерттелген нысандарда қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізсе, туристерді қызықтыратын бірден-бір орын болары анық. Сонымен қатар жыл сайын облыстық бюджет есебінен сақтардың бірегей ескерткіші Бәбіш-мола, төрт хандықтың астанасы болған Сығанақ, оғыздардың ордасы Жанкент қалашықтарына да археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Қазба барысында ортағасырлық қалашықтардың қорғаныс қабырғалары мен мұнаралары, кесенелердің, тұрғын үйлердің орындары, маңызды құрылыс нысандары, қыш күйдіретін пештер аршылып, консервацияланды. Жанкент қалашығында консервацияланған бір бөлменің композициясы жасақталып, Оғыз дәуірінің тұрмыс-салт дәстүрінен хабар беретін тарихи мүсіндер қойылып, туристер үшін қалашық ішіндегі тұрғын үйдің ежелгі қалпын көруге мүмкіндік артты», – дейді басқарма басшысы Мира Жомартқызы.

Жалпы, «Қышқала» қалашығы кей дереккөздерде Баршынкент, Барчинлыкент, Барджинлигкент, Қышқала деп те аталады. Негізінен ортағасырлық ескерткіш Алтын Орда дәуірінде ірі сауда, әрі қолөнер орталығы болғандығы туралы айтылады. Қыш материалдардың негізінде жасалған зерттеу қала тіршілігінің хронологиялық шеңберін XIII-XV ғасырларға жатқызуға мүмкіндік беріп отыр.

Жалпы, ежелгі қалалар мен ордaların дені Сыр бойында көптеп шоғырланғаны белгілі. Соған орай облыс көлеміндегі тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау, насихаттау және сақтау мақсатындағы жүйелі жұмыстар бір сәтке де толастаған емес.

Қызылорда облысы





МАХМУД ҚАШҚАРИ ҚАЙДА ТУҒАН?

Биыл күллі түрікке ортақ мұра, тіпті әлем мәдениетінде өзіндік орны бар еңбек «Диуани лұғат ат-түркінің» жазылғанына 950 жыл толды. Жаһандағы жалғыз нұсқасы 1914 жылы Ыстанбулда табылған еңбектің соңғы бетінде түрік сөздігінің 1072 жылдың 25 қаңтарында басталып, 1074 жылдың 10 ақпанында аяқталғаны жазылыпты. Авторы атақты Махмуд Қашқари болатын.

Иә, «Диуани лұғат ат-түрік» қазаққа жақсы таныс. Соңғы ғасырда біршама зерттеліп те жатыр. Бірақ Махмуд Қашқаридің қайда туғаны, қай тайпадан шыққаны жайлы пікірталас әлі біте қойған жоқ. Тіпті, осыдан жарты ғасыр бұрын да бұл тақырып өзекті еді, қазір де солай.

Кезінде осы тақырып төңірегінде қазақтың аталай оқымысты ғалымдары сөз етіпті. Солардың қатарында Токтар Арынов та бар еді. Ол ғылыми қауымға көне қолжазбалардың мәтіндерін тиянақты түсіндірген, Алаш қайраткері Шәкәрім қажының таңдаулы жырларын сыр сақтағыш досбауырларының жүрегіне құйған, академиктер Әлкей Марғұлан мен Исмет Кенесбаевтың ілтипатына бөленген, ізетті, ізденгіш, елгезек азаматтардың бірі еді.

1942 жылдың 11 мамырында Қытайдағы қазіргі Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы, Құлжа қаласында дүниеге келіп, 1988 жылдың 3 қазанында пәниден бақиға көшкен-ді.

Тіл білімі маманы, филология ғылымдарының кандидаты (1983), әл-Фараби атындағы ҚазМҰУ-ды бітірген Токтар Арынов 1968-1971 жылдары ҰҒА-ның Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, этнография және археология институтында аға лаборант болып қызмет істеді. 1971-1988 жылдарда А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында алғаш кіші, одан соң аға ғылыми қызметкер болып еңбек етті. Профессор Әбжан Құрышжановтың жетекшілігімен «Китаб ат-тухфа аз-закийя фи лұғат-ат-туркийя» көне қыпшақ ескерткішінің лексико-семантикалық және стилистикалық ерекшеліктері деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ол – этнография, ұлттық тарих, фольклортану, этнолингвистикаға байланысты 80-нен астам мақала жариялады. Он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» 2-10 томдарының құрастырушыларының бірі. Әрі Ахмет Байтұрсынұлының 23 жоқтауын «Боздағым» деген атпен жарияланған-ды. Сонымен бірге көне мәтіндерді зерттеуде де өз қолтанбасы бар еді. Ол – түркітанушы, этнограф болатын. Токтар Арынов Махмуд Қашқаридің қайда туғаны жөнінде қалам тербепті. 1974 жылдың 12 желтоқсанында «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған мақаласы соның айғағы. Біз арада жарты ғасыр өтсе де жазылған жайды жаңғыртып, тақырыптың әлі де өзектілігі жойылмағанын сезіндіру үшін сол мақаланы AIQYN газетіне қайталап ұсынуды жөн көрдік.

Серік НЕГИМОВ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

МАХМУД ҚАШҚАРИ ТУРАЛЫ ЖАҢА ДЕРЕК

Орта ғасырдың ұлы ғалымы Махмуд Қашқаридың «Диуани Лұғат ат-түркі» жазылғанына 900 жыл толуына байланысты совет туркологтарының Ферғанада арнайы конференциясы өткеніне көп уақыт болған жоқ. Бұл форумда ғалым еңбегінің бүгінге дейінгі зерттелу жайы молынан сөз болып, бұдан былай да тиянақты зерттеле беретіндігі көрсетілді. Өйткені түркі тілдерінің барлық саласынан мол дерек беретін бұл еңбек әлі де толық зерттеліп болған жоқ-ты.

Сонау замандардан күні бүгінге дейін басы ашылмай жүрген, ғылыми тұрғыдан толық дәлелін таба алмай келген бір нәрсе – осы үлкен ғалымның қай жерден, қай ұлттан екендігі туралы жобалаулар болатын.

Жоғарыда айтылған одақтық үлкен жиынға жүзден астам белгілі ғалым мен түрколог келіп, отыздан артық баяндама тыңдалды. Әркім өзі зерттейтін саласы бойынша келелі-келелі мәселелерді ортаға салысты. Қазақстаннан барған белгілі ғалымдарымыз Ғ.Мұсабаев пен Ә.Құрышжанов та солардың бірі болып ойға ой қосысты. Қомақты зерттеулермен барған қазақ ғалымдары бұл жолы айтарлықтай олжалы қайтты. Бұл олжа ізденімпаз ғалым Ғ.Мұсабаевтың еңбегімен тікелей байланысты. Ол Махмуд Қашқаридың жазбаларын негізге ала отырып, туған жерін анықтады. Ғалым Махмуд Қашқаридің Жетісу жерінде дүниеге келгенін нақты деректерге сүйене отырып дәлелдеген. Анығырақ айтқанда, ғалым қазіргі Алматы облысына қарасты Кеген ауданындағы Үшқия деп аталатын мекенде туған. Қазақтың үлкен руларының бірі – үйсіннің бір тармағы Дулаттан шыққаны жөнінде де нанымды деректемелер келтірілген.

Осы арада бір-екі нәрсенің басын ашып алу керек сияқты. Біз профессор Ғ.Мұсабаевтың көп жыл бойы зерттеген еңбегінің негізсіз еместігін айтқымыз келеді. Біріншіден, ұлы ғалымның (Махмуд Қашқари) өзі туған жер туралы айтқан жобасы Ыстық көлдің солтүстік жағындағы Кегенге қарасты Үшқиямен тура келгендіктен, оның Жетісуға қарасты аймақта туғаны дауласып жатуды керек етпейді. Сондай-ақ ол кезде үйсін жерінде қаңлы мен үйсіннен басқа аралас өмір сүрген белгілі тайпа жоқ болатын. Үйсіндер мен қаңлылардың тайпалық құрамын таза сақтауға екі жағдай бар еді. Оның бірі – бұл тайпалардың әрі ірі, әрі күшті, кім болса соған бағынбағандығы болса, енді бірі батыс пен шығысты, түстік пен терістікті араластырып жіберген монғол шапқыншылығы болмаған кез еді.

Ғ.Мұсабаевтың пікірін қолдауға екінші негізіміз – Махмуд Қашқари дүниеге

келген XI ғасырда Жетісу жеріне ұйғырлар әлі қоныстанбаған болатын. Бұған да бірнеше тарихи жағдайлар себепкер еді: ең алдымен, IX ғасырдың ортасына дейін ұйғырлар қағанаты қазіргі монғол жерінде орын тепкен еді де, 840 жылы қырғыздардан ойсырай жеңіліп, қатты күйреушілікке ұшыраған-ды. Халқы аяусыз қырылып, қуғын-сүргінге түседі. Сол босқаннан ұйғырлар жайлы орын, тыныш өмір іздеп, бір бөлегі батысқа, ал негізгі бөлегі шығысқа қарай шашырай бастайды. «Батысқа қарай ауған топтары сол кездегі мықты тайпалардың бірі – кимактардың қол астына енеді. Кимактардың территориясы Ертіс пен Еділге дейін созылып жататын», – дейді тарихшы Б.Көмеков «Государство кимаков IX-XI веках» дейтін еңбегінде. Ұйғырлардың шығысқа беттеген бөлегі қай араларда

“

Махмуд Қашқари өмір сүрген XI ғасырда өзінің берік тұғырынан айрыла бастаған қаңлы тайпасы деуге берік негіз бар. Бұған дейін олар (қаңлылар) Шаш, Бұқара, Сыр бойларынан бері қарай үстемдік еткен болатын. Кейін (қарлұқтар тұсында) мемлекет болудан қалса да, солардың құрамындағы негізі тайпаның бірі болады.

мекен ете бастағаны жөнінде кейбір деректер М.Қашқари еңбегінен де байқалады. Оның көрсетуінше, XI ғасырдағы «Ұйғырлардың шекарасы Кумул, Кушар қалалары». (Диуани Лұғат ат түркі, 1-том, 384 бет). Ол аталған жерлер қазіргі шығыс Түркістанның Қытаймен шекараласатын тұстарына таяу жатыр. Тіпті, одан да әрілеп Гансу, Шәнси өлкелеріне дейін шегінуге мәжбүр болғаны туралы да деректер кездеседі. М.Қашқари тағы бір жерінде кеуші деп аталатын салмақ өлшемін (3 келіге тең) түрік тайпаларының пайдаланатынын айта келіп, ол өлшемді «Қашқардан ұйғырларға дейінгі аралықта қолданылатын өлшем құралы еді» деп жазады (Диуани Лұғат ат-түркі, 1-том, 395 бет). Егер Қашқар бұл кезде ұйғыр жері болса, салауатты ғалым Қашқар мен ұйғыр аралығын бұлайша ажыратып жазбас еді.

Бұл дәуірдегі (Махмуд Қашқари туған кездегі) Қашқар туралы айтқанда, немесе шығыс Түркістанның батыс жағына келсек, түгелдей дерлік қазақ тайпаларының (Керей, жалайыр) қолында болатын. Сөзімізді одан әрі дәлелдей түсу үшін XIV

ғасырда жасаған тарихшы Рашидиннің жазбаларына жүгінейік. Кезінде Турандар мен Иран жерлеріне шейін билік құрған жалайырларды шүршіттер (қытайлар) ығыстырғаннан кейін, олардың (жалайырлардың) көбі Шыңғыс ханның ата-бабаларына құлдыққа беріледі. Соңынан Шыңғыстың өзі хан болған тұстарда солардың (жалайырлар) біразы ел билеген билер мен бектерге айналады (Жами ат тауарих, 1-том). Қытайлар жалайырларды ығыстырғанға дейін Қашқар қаласы жалайырлардың орталығы ретінде көп заман өмір сүргені туралы да шығыс жазбалары көп. Сонда айтарымыз – XI ғасырдың басында дүниеге келген Махмуд Қашқари қандай себептермен кейбір зерттеушілер айтып жүргендей ұйғыр тайпасынан шыққан болады.

Осы арада тағы да бір пікір қоса кеткіміз келеді. Махмуд Қашқари өмір сүрген XI ғасырда өзінің берік тұғырынан айрыла бастаған қаңлы тайпасын да ғалымның шыққан тайпасы деуге берік негіз бар. Бұған дейін олар (қаңлылар) Шаш, Бұқара, Сыр бойларынан бері қарай үстемдік еткен болатын. Кейін (қарлұқтар тұсында) мемлекет болудан қалса да, солардың құрамындағы негізі тайпаның бірі болады. Махмуд Қашқаридың «Қаңлылар ыдырап бір тобы Чигілге, бір тобы Яғмаға, енді бір тобы көшпелілерге қосылып тілдік жақтан айырғысыз болып кетеді» (1-том, 495 бет) деп көрсетуі де сол кезеңнен мағлұмат береді. Ал «олардың көшпелілерге қосылған бөлегі Талас, Іле өзендерінің жағалауларына дейін жайыла қоныстайды» – деп жазды XVII ғасыр тарихшысы Абулғазы Баһадур-хан. Жетісу жерінде жойылып кеткен Алмалық қаласын қаңлылар орталық еткені жөнінде де тарихшылар жазып жүр. (Л.Бадамамов, «Ескі Алмалық», «Қазақ әдебиеті», 1970).

Кезінде қаңлылардың жетекші тайпа болғандығы жөнінде, тіпті Шыңғысхан шапқыншылығының карсаңында Хорезммен біріге отырып, өз ықпалын сақтауға тырысқаны туралы жазылған деректер тіпті көп. Рашидиннің аталған кітабында «қаңлылар көк Ертіске дейін созылады» дейтін бір жер тағы бар. Бұл, әрине Шыңғысқа қарсы жорықтардың тұсында болған аумалы-төкпеліктің әсері екені байқалады. Сонда біздің айттайық дегеніміз – Махмуд Қашқаридың осы үлкен де тегеуірінді тайпа – қаңлыдан болуы да әбден мүмкін екендігі. Бұлай деуімізге қытай елшісі Джан-Кяннің (б. э. дейінгі 2-3 ғасырлар) қаңлы мен үйсін тайпаларының одағы туралы жазбалары да негіз береді. Ол «үйсіндер мен қаңлылардың тілі де, әдет-ғұрпы да бір халық. Бірін-бірі сыйлап төріне шығарады, ал біздерді (қытай адамдарын) менсінбей босағаға отырғызып қойды» (Н.Бичурин (ЯКНФ) часть-2) – дейді.

Қорыта келгенде, әрі жерлес, әрі тума ғалымымыз Махмуд Қашқаридың бай мұрасымен бірге өмірбаянының зерттелуі белгілі байыбын тапқалы тұр. әл-Фараби сияқты Махмуд Қашқари да – халқымыздың мақтанышына айналатын кесек тұлға.

Токтар АРЫНОВ,
«Қазақ әдебиеті» газеті
1974 жылы 12 декабрь

Қазақ музыка өнерінде еуропалық бағыттағы шығармашылық мектептің қалыптасуына үлкен үлес қосқан тұлға, кәсіби музыкант, композитор Евгений Брусиловскийді таныстырып жатудың өзі артық болар. Саналы ғұмырында 9 опера, сонша симфония, 2 балет, оркестрге арналған дүниелерін, әндері мен романстарын қосқанда жиыны 500-ге тарта туынды қалдырған ол – қазақтың алғашқы гимнінің авторларының бірі. Екі жүз елуден астам қазақтың ән-күйін жазып алған этнограф-музыкант ретіндегі еңбегі өз алдына.

Қазақтың алғашқы операсы «Қыз Жібекті» жазған автордың көрнекті жазушы, драматург Бейімбет Майлиннің «Жалбырын» да сахнада тірілті емес пе?! Ал «Жалбыр» 1936 жылы өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндігінде қойылған екі операның бірі болғаны бүгінде көп айтыла бермейді. Компози-



режиссерлердің тәжірибесіздігі болды. Пьеса көлемін театрдың бойына шағындап қайта істеуге тура келді».

Анығында, тарихта болған Жалбыр Құдайбергенов есімін әдебиетке Бейімбет Майлин алып келді. Жиырмасыншы жылдары жазушы шығармашылығында Мырқымбай қандай орын алса, отызыншы жылдары Жалбыр есімі сондай биікке көтерілді, – деп пайымдайды белгілі бейімбеттанушы жоғарыда аталған зерттеуінде.

«Бұл секілді кең құлашты қиын тақырыпты меңгеруге біздің жас театрымыздың қауқары жете қоймаған еді. Біздің театрымызға лирикалық тақырыптар оңай көрінетін» – деп сабақтайды Брусиловский. Одан әрі халықтық революцияшыл әндерді табудың сәті түсе қоймағанын, сол себепті спектакльге арқау етіп нағыз патриоттық ән «Елімайды» алғанын жазады. Сәті түскенде Ахмет Жұбанов та кенеттен ықыласы ауып, И.Шаймерденовтен жазып алған Иманжүсіптің «Сарыарқа», Мәдидің «Қаракесегін» бере қояды. Әдетте, Ах-

оң бағасын алады. «Қыз Жібек» пен «Жалбырды» кеңес астанасының көрермендері жақсы қабылдайды. Негізгі оқиғасы Қостанай жерінде өтіп, осы топырақта туған қаламгердің қолымен жазылған «Жалбырдың» қазақ мәдениеті тарихында алар орны осындай! Сөз орайы келгенде Жалбыр сынды жүздеген, мыңдаған батырдың отаршылдыққа, озбырлыққа қарсы күресінің қырағы да қатал саясаттың қыспағымен «Кеңес үкіметін орнату үшін болған төңкеріс» деп жазылғанын айту парыз. Шын мәнінде, 1916 жылғы қазақ даласында болған қарулы қактығыстардың бәрі жүздеген жылдар бойы қылсағақтан буындырып келген империяның бұғауын үзуге талпынған бұлқыныс, ұлттың оянуы еді ғой.

«Алтын шыққан жерді белден қаз» дегендей, «Жалбырдан» басталған сөзді «Шұғамен» жалғай кетелік. Брусиловский Би-ағаның бұл шедеврін де назардан тыс қалдырмапты.

«Қазақтың музыкалық театрында Жұмат Шанин қойған екінші қойылым Бейімбет Майлиннің «Шұға» атты музыкалы пьесасы болды. Бұл спектакльдің де музыкасын И.Коцык жазып, оған С.Шабельский белсене көмек көрсетті. Мұнда әртүрлі халықтың музыкасы мен стильдерінің қойыртпағы бола қойған жоқ. Қазақ әндері жақсы іріктеп алынып, спектакльдің музыкалық тұрғыда біртұтас арнасын құрап тұрды. Ондағы әндерді солистердің өздері таңдады да, клавиірі мен партитурасын С.Шабельский әзірледі, ал И.Коцык олардың арасындағы дәнекер ұйымдастырушы буын болды, әлбетте мұның да мәні осал емес-ті.

Бұл пьесада Күләштің драмалық дарыны ашыла түсті. Ол драма театрында М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасындағы Еңлік рөлін ойнаған кезінде де өзінің талантымен аудиторияны дүр сілкіндіріп жүретін, ал музыкалық театрда бұл оның тұңғыш трагедиялы рөлі еді. Бүкіл соңғы актіде Шұға өмірмен қоштаса, ажал құрсауында жатып, халықтың қайғылы өні «Бурыйтайды» сынсып айтумен болды. Зал іші күңгірене күйзеліп, қоса еңіргендей күй кешті. Шыдай алмай, сықсындап жылаған қайсыбір әйелдерді залдан сүйемелдей жетелеп, сыртқа шығарып та жатты.

Әйгілі «Ағаш аяқ» әнін құйқылжыта орындайтын қас шебер Балабек шалдың баласы, өзі де бақсыдан еш айнымайтын Бісмиллә Балабеков өзі аузында арпалысқан Шұғаға зікір салып, сиқыр күшімен емдеу рәсімін келістіріп ойнады.

Егер «Айман-Шолпанда» әрқилы музыка әшекей-өрнек сынды ойнақы қызмет атқарса, «Шұғадағы» әуез бен саз кейіпкерлердің психологиялық жай-күйін айқара ашып берді. Шанин өзінің бұл спектаклін мақтан тұтуына өбден құқы бар еді. Театр шығармашылық тұрғыда өрлеу кезеңін бастан кешті – делінген Жұмат Шанин жайлы естелікте.

Қазақ әдебиеті мен өнерін әлемдік деңгейге көтерген, рухани қуаты мен болмысын танытқан тарихи оқиғаға айналған Мәскеудегі тұңғыш онкүндікке Ж.Жабаяев, К.Әзірбаев, Ғ.Қалмағанбетұлы, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Тоғжанов, Т.Жароков, А.Токмағамбетов, Ә.Тәжібаевтармен бірге Бейімбет Майлиннің де қатысқаны мәлім. Тарихта таспаланған деректі ешкім өшіре алмайды. Брусиловскийдің бұл естеліктерін жариялаудағы мақсат – Би-ағаның қаламынан туған дүниелер қазақтың әдебиетін ғана емес, кәсіби театр өнерін қалыптастыруға да зор ықпал еткенін айту еді.

Абылай МАУДАНОВ,

Е.Өмірзақов атындағы Қостанай облыстық филармониясының қызметкері

БРУСИЛОВСКИЙ БИІК БАҒАЛАҒАН БИ-АҒАҢ

тордың аз уақытта көп іс тындырғанына кезінде «халықтар көсемі» Сталиннің өзі назар аударған екен. Ол енді өз алдына бөлек әңгіме.

Заманының ең жоғарғы атактары КСРО Мемлекеттік сыйлығы (1948 жылы) мен Қазақстан Мемлекеттік сыйлығына (1967 жылы) ие болып, Ленин, Еңбек Қызыл Ту, Құрмет белгісі ордендерін кеудесіне таққан даңғайыр – қазақтың танымал тұлғалары туралы да тамаша естеліктер қалдырды. Оның бұл жазбалары ұлт мәдениетінің жанаша қалыптасу кезеңінің шежіресі іспетті. Қазақ оқырмандарының қолына «Дүйім дүлділдер» деген атпен тиген («Өлке» баспасы, 2021 жылы аударған Сапар Байжанов) бұл кітаптан Темірбек Жүргенов, ағайынды Ахмет, Құдайберген Жұбановтар, Затаевич, Иса Байзақов, Жамбыл Жабаев, Дина Нұрпейісова, Қамбар Медетов, Жаппас Қаламбаев, Махамбет Бөкейханов, Мұқан Төлебаев, театрдың тұңғыштары Жұмат Шанин, Манарбек, Құрманбек, Қаныбек, Елубай, Шара, Күләш пен жазушылар Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов тағы басқа тұлғалар жайлы құнды деректерді кездестіреміз. Естелік авторы Би-аған туралы да арнайы тоқталып өтеді. Енді сол Евгений Григорьевичтің сөзінен үзінді келтірсек...

«...Майлиннің сырт пішінін суреттеу қиын. Оның өзгелер секілді аса көрнекті дейтіндей ештеңесі жоқ. Бойы ортадан сәл жоғарылау. Азын-аулақ қорасан дағының ізі бар шұбарлау жүзінде сергек қарайтын жарқын жанары, бітімі сұлу дейтіндей емес, тәмпиштеу мұрыны бар-ау. Сәл ғана ширатылып тұратын қара күрең шаштары басын түгелдей айқара көміп тұрғандай. Әңгімелесіп отырған сәттерінде Бейімбет шашының шыыршықталған ұшын ширата бұрап отыруды ұнататын. Ол тумысынан прозашы еді, бірақ та қатал тағдыр оның дарынын еркін ашуына мұрсат бермей кетті...

Оның «Шұға» атты повесі театрымыздағы «Шұға» қойылымына нұсқа болды», – дейді Ленинградтан Алматыға жолдамамен келген композитор қазақ жазушысының асқан қабілетін аса жоғары бағалап. («Дүйім дүлділдер» 135 бет). «Шұға» спек-

таклі туралы сөз сәл кейінірек, естелікті жалғастырайық.

«Ендігі жерде ол «Жалбыр» повесі бойынша жасалған басқа пьесасын ұсынып көрді.

Бұл қазақтардың 1916 жылғы көтерілісін бастаушылардың бірі Жалбыр жайындағы хикая болатын. Жалбыр шынында да өмір сүрген, тарихи тұлға деген пікір болды. Бұл әлеуметтік мазмұны өзекті пьеса болатын. Мұнда қазақ шаруаларының байларға қарсы стихиялы күресі, орыс самодержавиясының отаршылдық езгісі, жас жүректің трагедиялы махаббаты және Жалбыр атты ұстаның қаһармандық өмірі көрсетілген», – дейді Брусиловский. Бұдан бірі қаламгер, бірі сазгер интеллигенция өкілдерінің бір-бірін биік рухани деңгейде танып, түсініскенін көреміз.

Осы жерден естеліктің тізгінін ірке тұрып, «Жалбыр» жайына тоқталсақ. «Жалбыр» пьесасы – Бейімбет Майлиннің көзі тірісінде жарық көрген ең соңғы кітабы болуы мүмкін. Филология ғылымдарының докторы, бейімбеттанушы Серікқали Байменше өндіріске тапсырылған және басуға қол қойылған мерзіміне қарап, осылай деп мензейді. «Бейімбет мұралары» атты мақаласында ғалым көптеген деректер келтіреді. «...Бейімбет былай дейді: «Мен пьесада 1916 жылдың таптық көтерілісінің сырын ашуға тырыстым, езілген, қанауда келген кедей, батырақ көпшілігінің қол ұстасы патшалыққа, патшаға арқа сүйеген бай-болыстарға қарсы шын ашынып, майданға түскенін суреттемек болдым. Жалбыр дейтін кісі бұрынғы Қостанай уезі Дамбар болысындағы кедей еді. 1916 жылғы көтерілісте осы кісі бастап атқа мінді. Қостанай уезінің бірнеше болыстары бірігіп, Торғай уезіндегі Амангелді көтерілісіне атсалыспақшы болды. Бастап атқа мінгенде бүкіл Торғай өлкесіне атышулы алаяқ, Романовтың 300 жылдық тойына Қостанай уезінен өкіл боп барған, шен алған Сайым Қадыров дейтін болысты өлтірді. «Жалбыр» пьесасына негіз боп алынған оқиға міне осы еді. Музыка театрына арнап жазған пьеса болғандықтан бұл сияқты тарихи нәрсені толық ұйыстырып беру оңай жұмыс болмады. Бұған бір жағы театрдың жастығы,

мет Қуанұлы өзі жазып алған дүниелерге өте моттақам, сараң болса керек. «Сарыарқа» Жалбырдың мінезіне дөп үйлесіп кетеді де, басты рөлдегі Құрманбек Жандарбеков жігерлі әнді келістіре орындайды. Ал «Қаракесекті» композитор портфеліне салып, болашаққа «тұздық» қылып сақтап қояды.

Брусиловский операда «Жалбырдың» өзекті әні ретінде Ақан серінің «Құлагерін» пайдаланады. «Бұл ашумен буырылған кектің әні, қысқа ғана, бірақ өте

“

«...Майлиннің сырт пішінін суреттеу қиын. Оның өзгелер секілді аса көрнекті дейтіндей ештеңесі жоқ. Бойы ортадан сәл жоғарылау. Азын-аулақ қорасан дағының ізі бар шұбарлау жүзінде сергек қарайтын жарқын жанары, бітімі сұлу дейтіндей емес, тәмпиштеу мұрыны бар-ау. Сәл ғана ширатылып тұратын қара күрең шаштары басын түгелдей айқара көміп тұрғандай.

әсерлі ән», – дейді естелік авторы. Спектакльді даярлау кезінде қызықты оқиғалар да аз болмайды. Бас режиссер Жұмат Шаниннің жүйкесін жұқартқан жайттар көп кездесіпті. «Жалбыр» әжептәуір жақсы өтеді. Сыншылар қауымы спектакльге жылы пікірлерін жаудырады.

Аз ұжым, көп еңбекпен жасалған еңбек жемісін береді. Мәскеудегі Қазақ әдебиеті мен өнерінің бірінші онкүндігінде

МОЙЫНҚҰМ МҰҢЫ: АУДАНДЫ АЯҚҚА КІМ ТҰРҒЫЗАДЫ?

Бүгінде Әулиеата өңірінде әкім тағайындау бас ауруға айналғандай. Олай дейтіміз – облыс әкімі орынбасарының орны жылдап босап, аудан әкімі қызметіне де лайықты азаматтар табылмай тұр. Әуірімдеп, бір орынға бір азаматты отырғызсаң, тағы бір жақта орын босап қалады. Әсіресе, мұндай жағдай Мойынқұм ауданында жиілеп, сананы сан саққа жүгіртіп отыр.

Саятхан САТЫЛҒАН

Жалпы, Жамбыл облысының картасында жалпағынан жатқан Мойынқұм ауданы өндірісімен танылған өлке. Сондай-ақ елді мекен екі дүркін Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев, Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков сынды нар тұлғалы азаматтарды тудырған мекен. Ұшқан құстың қанаты, шапқан аттың тұяғы талатын осынау Ұлы дала төсі табиғат тумаларына да бай. Алайда кейінгі кездері Жаз-ата ауылынан құт қашып, елден халықтың үдере көшуі белен алу-да. Оған себеп, жұмыссыздық пен ауданның болашағының бұлыңғырлығы.

Бір кездері ауданда Ақбақай кен байыту комбинаты табыстың тайқазанын қайнатып отырған еді. Алайда кейін компания қытайлықтардың қарамағына өтіп, бүгінде жұрт жалдамалы жұмысшының ролін сомдап қалды. Сондай-ақ бұрын халық топырақтан алтын қоспасын теріп күнелтсе, бүгінде бұған да жол жоқ. Ақбақайдың алтынына жақындасаң, абақтыға айдаласың. Сондықтан азын-аулақ айлығы



шайлығына жетпеген жұрт Шу ауданын бетке алып, өзге елді мекендерге қоныс аударуда.

Мойынқұм ауданында Мыңарал цемент зауыты да бар. Алайда онда да екіншісі біріне кәсіпорынның есігі ашық емес. Өндіріс орны салықты Алматы облысына төлейтіндіктен, «қазаншы қайдан құлақ шығарса да» өз еркі болып тұр. Сол себепті халық Мыңаралға барып, мол табысқа кенелемін деп дәмпейтін болған.

Аталған елді мекенде Мыңарал балық зауыты жұмыс істеуде. Алайда бір Балқаш көлімен күнін әрең көріп отырған кәсіпорында көп жұмыс орны табыла бермейді. Өнімі де анау айтқандай сұранысқа ие емес. Әйтеуір, алақандай ауыл тұрғындары өндіріс орнымен өңешін жалғап отырғанына шүкір дейді.

Бір жылдары Мойынқұм ауданында «Хантау» цемент зауыты іске қосылған. Алайда аталған компанияға да қытайлықтар төре-

лік етіп, соны жұмысшылар ереуілге шығып, түбінде кәсіпорын жабылып тынды. Қазір цемент зауытының құр қаңқасы алыстан менмұнда лап тұр.

Мойынқұм ауданы жер бетіндегі байлықтан да кенде емес. Ен даласында елік, бөкен, қарақұйрық, құлан кезіп, Жамбыл мен Хантауында арқар мен таутекесі толып жүр. Сарқырап аққан өзендері балықтан тасып, үйрек-қаздан көл беті көрінбейді. Қырғауылы мен жабайы қабаны да талайды тамсандырады. Тіпті, кеңестік кезеңде тау бүркіті мен иттелгісін суретке түсіру үшін алыс-жақын шет мемлекеттерден туристер лек-легімен ағылған. Бүгінде осынау байлықты көрудің өзі мұң. Себебі «Андасай» қорығын қазір алматылық «Охотзоопром» мекемесі алып қойған. Осы мекеменің рұқсатынсыз Жамбыл жерінде тұрған қорыққа әулиеаталық қорықшылардың өзі кіруге құқылы емес.

— Өңіріміздегі жалғыз қорықты Алматы облысына өткізіп жіберу деген ол — өзіміздің табиғи байлығымызға жасалған қиянат деп есептеймін. Мен «Андасай» қорығында 1997 жылдан бастап ұзақ жылдар бойы басшылық қызметте жұмыс істедім. Серік Үмбетов облыс әкімі болып тұрған тұста да Мойынқұмдағы қаумалды алматылық «Охотзоопром» мекемесінің қарауына беру туралы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің тарапынан ұсыныстар болмады емес, болды. Алайда облыс басшысы бізбен ақылдаса келе ол Жамбыл облысындағы республикалық мәні бар жалғыз зоологиялық қаумал болғандықтан, келешекті ойлап жол бермеген еді. Бір жылдары қиын-қыстау кезеңде жалақысыз да жұмыс істеген кездер болды. Ал қазіргідей тоқшылық заманда өз байлығымызды өзге облыстың еншісіне өткізіп жіберу өте ұятты іс, — дейді өмір жолын «Андасай» қорығындағы аң-құсты қорғауға арнаған табиғат жанашыры Жапар Тілеужанұлы.

Иә, осылайша жер біздікі болғанымен, байлығының қызығын өзгелер көруде. Өндіріс ошағы Жамбыл облысында орналасса да, салықты өзге өңірге төлейтін кәсіпорындардың тірлігі түсініксіз. Сонда бұларға «әй» дейтін әже, «кой» дейтін қожаның болмағаны ма? Әлде мұнда да баз-біреулердің құлқын ойлаған пайдасы болып тұр ма?

Мойынқұм ауданында бір койдан екі төл алған Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаевтың дәуірінен кейін мал шаруашылығы да тұралаған. Соңғы онжылдықтың бедерінде «Түрікпен Агрофирмасы» ЖШС әкелген 300 бас қалмақ сиыры болмаса, басқа бірде-бір серіктестік мал өсірмейді. «Түрікпен Агрофирмасының» мүйізді ірі қараларының өзі тауда орналасқандықтан, бүгін-ертең Шу өңіріне қосылып кету алдында тұр.

Егер олар да тоғыз жолдың торабында орналасқан елді мекенді тиімді көретін болса, онда Мойынқұм ауданында мал шаруашылығының иісі де қалмайды деген сөз.

Жаз-ата ауылында егін де өспейді. Шөлге шырша қадап өсіремін деген шаруаның барлығы да шығынға батып, қолын бір сілтеген. Ауданды Мәден Мұсаев басқарып тұрған тұста тары шаруашылығы қолға алына бастаған еді. Алайда Мұсаев қызметтен кеткеннен кейін бұл тірлік те аяқсыз қалды.

Байқап тұрсаңыздар, ауданға сырттан қоныс аударатындар былай тұрсын, жергілікті тұрғындар тұрақтайтындай дүние қалмаған. Соңғы санақ бойынша ауданда 28 663 адам тұрып жатқаны туралы дерек тіркелген. Алайда мойынқұмдықтар бүгінде елді мекен халқының саны жиырма мыңға да жетпейтінін айтады.

Әрине, ауыл шаруашылығы тұралап, жұмыссыздық белең алып, шағын және орта кәсіпкерліктің кежесі кейін тартып тұрса, халық ауданда қалай күнелтсін? Содан болар, бүгінде «Мойынқұм ауданы Шу өңіріне қосылады» деген әңгіме жиі айтыла бастады. Тіпті, «биыл Мойынқұм аудандық ауруханасы Шу аудандық ауруханасына бірігуге жүгін буынып-түйініп дайын отыр» деген ақпарат та ел ішін кезіп жүр. Одан кейін өзге де мекемелер Шу ауданына орталықтандырылатын көрінеді. Бұл сөздің қаншалықты рас, әлде жалған екені белгісіз. Алайда Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің екі айдан бері Мойынқұм ауданына әкім тағайындамай отырғанын көріп ойға қаласың. Осыған дейін ауданды басқарған Әлихан Балқыбеков өз еркімен жұмыстан босатылғаннан кейін елді мекеннің тізгінін ұстауға бір азамат табылмады дегенге сену қиын. Екі ай ауданды егесіз қалдыру экономикалық хәм әлеуметтік тұрғыдан да тиімсіз. Оны облыс әкімі Ербол Шырықпайұлы білмей отыр дей алмайсың.

Негізі, Мойынқұм ауданын осы таңға дейін оннан аса әкім басқарған екен. Алдыңғыларын айтпағанда, кейінгілердің дені ауданды 2-3 жылдан басқарып, былғары орындықтарын босатты. Алайда барлығының айтатыны халқы мен бюджетті аз ауданды басқару оларға онайға соқпаған. Қиын сәтте қол ұшын созып, демеп жіберетін кәсіпкерлер де жоқ. Жобаға жан бітірейін десен, демеушілер табылмайды. Содан жоғары жақтың ұрысы мен сынынан шаршаған әкімдердің басым бөлігі өз еркімен жұмыстан кеткен. Ал бірқатарына ауыл ақсақалдары тыным бермей, тіпті ас беріп отырып жанжал шығарып үстінен арыз да жазған. Сол себепті ауданға әкім болып барғанға шенділердің көбі жүрексінетіндей.

Енді Мойынқұм ауданына әкім тағайындала ма, жоқ па, әзірге белгісіз. Егер Мойынқұм ауданының таратылатыны қауесет болып, жаңа әкім жуық арада тағайындалатын болса, онда елді мекенге жүрегінің түгі бар азамат керек-ау. Әйтпесе, бір жылдан кейін оны да шығарып салып, басқа әкім іздеп, тағы бас қатырамыз.

Жамбыл облысы



АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІ АРАША СҰРАЙДЫ

Ақмола облысындағы білім ордаларының жабылуы жөніндегі статистикаға көз жүгіртсек, көңіл құлазиды. Биылдың өзінде ғана облыс бойынша Білім күнін 9 мектеп қарсы алмайды. Алтауы жабылып, тағы үшеуі оқу жылы басталғанға дейін жұмысын тоқтатпақ. Сондай-ақ тағы бес мектеп қайта құрылып, бастауыш мектепке айналмақ.



Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Қазір бала санының аздығынан бұл білім ошақтарының әрқайсысының қақпаларына дәу қара құлып ілінген. Ал соңғы бес жылдың ішінде облыс аумағындағы 36 мектеп, ал соңғы он жылда жүзге жуық білім ордасы жабылып тыныпты. Жай қарапайым ғана сан сияқты болып көрінгенімен, мұның астарында өте қорқынышты статистика мен мыңдаған баланың тағдыры жатыр...

Әлбетте, мәселенің бұлай өрбуіне бірінші кезекте білім ордаларындағы бала санының аздығы әсер еткені анық. Мұнымен қоса, облыстың ондаған ауылындағы шағын комплекстілі мектептерде бала санының аздығынан бірнеше сыныпты қосып, бірге оқытып жатқан жағдай көп. Ал мұндай жағдайда оқыған балалардың білім сапасы туралы айтудың өзі ұят. Бұл дегеніңіз алдағы бірнеше жылда тағы да шалғайда жатқан ондаған ауыл мектебінің оның артынан ауылдардың орнының үнірейіп қалуына тікелей себепкер болмақ. Өйткені облыс аумағында халықтың көшіп кетуінен тағы да жүзден аса мектептің жабылып қалу қаупі төніп тұр.

Осының салдарынан облыстағы мыңдаған оқушы көрші ауылдарға қатынап оқуға мәжбүр. Ал жүздеген бала ата-анасының қасынан ерте кетіп, мектеп-интернаттарда тұрып жатыр.

Облыстық Білім басқармасының бұқаралық ақпарат құралдарына таратқан мәліметтеріне сенсек, мектептердің жабылуы салдарынан биыл 4,5 мыңға жуық бала көршілес ауылдарға күн сайын қатынап оқыса, 200-ден астамы интернаттарда білім алмақ.

Білім басқармасының дерегінше, дәл бүгінгі күнге облыс аумағында 522 мектеп жұмыс

істейді. Қорқыныштысы сол, аталған білім ордаларының 67 пайызы ықшамдалған. Яғни, сынып комплектілері толмағандықтан, бір сыныпта 2-3 сыныптың баласы бірге оқуға мәжбүр. Бұл өңірдегі оқушылардың білім сапасына да кері әсер ететіні түсінікті. Елдегі білім беру стандарттарына сәйкес бастауыш мектептерде – 5, негізгі білім беру мектептерінде 41 бала болуға тиіс. Алайда дәл қазірдің өзінде 122 білім ошағының бұл талапқа сай келмей жабылудың аз-ақ алдында тұрғаны анықталды. Сондай-ақ өңірде 340 мектеп бала санының аздығы салдарынан шағын комплекстілі мектепке айналған.

Мектеп жасындағы балалардың аздығынан кейбір ауылдарда тұрғындар мектептерін сақтап қалу үшін өздері ұйымдасып елге шақыруды ұйымдастырған. Мәселен, Зеренді ауданына қарасты Қызылгегіс ауылының тұрғындары жабылуға шақ қалған мектебі мен айрандай ұйыған ауылды сақтап қалуға тырысып ауылға келген отбасыларға өз отбасыларының аузынан жырып, алдына мал салып, тегін үй мен қора-қопсысына дейін беріп күтіп алмақ.

Жабылудың аз-ақ алдында тұрған ауылдардың біріне айналған бір кездегі іргелі ауылда қазір бар-жоғы 20 бала оқиды. Оқушылардың саны негізгі мектеп қылуға да жетпейтіндіктен, бастауыш мектеп қылуға шешім қабылданыпты. Салдарынан әлі бұғанасы қатып үлгермеген бірнеше бала аудан орталығы Зерендіге қатынап оқитын болған. Мұндағы бірнеше отбасы қазірдің өзінде қалаға қоныс аударуды көздеп отыр. Мектепте бастауыш сыныптар ғана қалғандықтан, бірнеше мұғалім де жұмыссыз қалған. Ауылды сақтап тұрған білім нысаны екенін көкейімен

түсінген ауыл адамдары хабарландыру таратып, көпбалалы отбасыларды шақыруға көшкен. Ауыл ақсақалы Елубай Мұқашев келген отбасыларға жұмыс пен баспана ұсынуға да дайын екенін айтады.

– Біз мұнда келген көпбалалы отбасыларға тегін үй ұсынамыз. Алдына азын-аулақ мал беріп, қысқы жем-шөбін де дайындап береміз. Ауылда мектеп пен әкімдікте жұмыс та бар. Біз ауыл азаматтары мектебіміздің жабылуына қарсымыз. Егер мектепті жапса, бәрі жаппай көшіп кеткелі отыр. Сондықтан кіндік кескен ауылмызды сақтау үшін ауылда тұрғысы келетіндерді іздеудеміз. Біз тіпті су тасқынынан зардап шеккен ауылдарға да бардық. Бізге көшіп келуге үгіттедік. Әрине, қызығушылық танытқандар көп болды, – дейді ауыл ақсақалы Елубай Мұқашев.

Қызылгегіс ауылына көршілес Көктерек ауылындағы мектептің жағдайы бұдан да мүшкіл. Мұнда осыдан екі жыл бұрын негізгі мектеп болып небәрі 30 бала ғана қалған. Енді оқушы мүлдем болмауынан мектеп жабылып тынған. Сондай-ақ осыған дейін бастауыш сыныпты мектептер болған Ұялы және Бұлақ ауылдарындағы мектептер де жабылмақ.

Облыста алдағы жылдары тағы ондаған мектепке жабылу қаупі төніп тұрғанын облыстық Білім басқармасының басшылығы да мойындады.

– Биыл жауып тастамаған күннің өзінде келесі жылы ол жерде осы динамикасы бар ма, соған қараймыз. Осу динамикасы болса, ол мектептерді қалдырамыз. Ал алдағы уақытта оқушылардың өсуі болмаған жағдайда ол мектептер жабылады, – деді БАҚ өкілдеріне пікір білдірген Ақмола облысы Білім басқармасы басшысының орынбасары Ботагөз Дүйсенова.

Болашағы бұлыңғырланып, білім ошақтары жабылып жатқан ауылдардың ертең-ақ тоз-тоз болып тарап кететіні бесенеден белгілі. Ал бұл бірінші кезекте елдің қауіпсіздігіне үлкен қатер төндіретін саяси мәселеге айналмақ. Сондықтан мектептердің жабылуының артында еліміз үшін аса маңызды стратегиялық жағдайдың тұрғанын, аудан және облыстағы жергілікті атқарушы билік, құзырлы министрліктер, Парламент пен Үкіметтегілер көкейінен шығармаса екен дейміз.

Ақмола облысы



ӘЛЕУМЕТТІК САЛАЛАРДЫ ДАМУДЫ ТАПСЫРДЫ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Қаратал ауданы тұрғындарымен жүздесіп, жұртшылықты толғандырып жүрген мәселелерді тыңдап, облыстың, оның ішінде ауданның алдағы жылдарға арналған даму бағыттары жайлы әңгімеледі.

Өңір басшысы кездесуде ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен алдағы жоспарларына жан-жақты тоқталып, санамалап, саралап берді. Әсіресе, ауданның болашақ өркендеуіне қатысты айтқанында, аймақтың оң жамбасына келетін ауыл шаруашылығы мен шағын және орта бизнеске айрықша назар аударды. Халықтың тұрмысын жақсарту, әлеуетін арттыруға да тоқталып, инженерлік инфрақұрылымдар мен әлеуметтік салаларды дамыту мәселелерін шешуге бағытталған жобалардың іске асырылуы жайлы баяндады. Ауданның әрбір саладағы жетістіктері мен кемшіліктерін саралаған облыс әкімі сол жерде өзінің орынбасарларына аудан әкімдігімен және тиісті басқармалармен бірлесіп, бөлінген бюджет қаражатын уақытылы, сапалы игеруді, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында болған кемшіліктерді жою жөнінде шұғыл шаралар қабылдауды тапсырды. Тұрғындарды толғандырып отырған проблемалардың бірде-бірі назардан тыс қары қалмайтынына, мүмкіндігінше заң аясында шешімін табатынына екпін бере айтқан Бейбіт Өксікбайұлы бытырғы кездесуде аудан тұрғындары көтерген 7 мәселенің 5-еуі шешімін тапқанын, 2-іне қатысты тиісті жұмыстар жүргізіліп жатқанын да айта кетті.

– Нақтырақ айтар болсақ, тұрғындар өтініші бойынша Үштөбе қаласының тұйық көшелеріне газ жүйесі тартылып, табиғи газға қою жұмыстары жүргізілуде. «Қаратал-Саяжай» саяжай орамын жарықтандыру мақсатында демеуші есебінен күннен қуат алатын қондырғылар орнатылды. Ауданда қант қызылшасы бағытында тағы бір сервистік-дайындау орталығы ашылды. Үштөбе қаласындағы «Шаңырақ» шағын-ауданындағы №9 көппәтерлі тұрғын үйдің маңынан балалар ойын алаңы салынды. Ал Төле би көшесін жарықтандыруға жергілікті бюджеттен 35,8 млн теңге бөлініп, жұмыстар басталды. Алдағы қараша айында көшеге жарық беріледі. Тұрғындар айтқан тағы бірқатар мәселе, оның ішінде Көпбірлік ауылындағы Аққайыр каналын тазалау мен аудан орталығына кітапхана мен архив ғимараттарын салу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде, – деді Б. Исабаев.

Облыс әкімінің баяндамасынан кейін кездесуге келген тұрғындар өздерін мазалайтын мәселелер мен толғандыратын түйткілдер жайлы айтып, сұрақтар қойды. Олардың айтқанына қарағанда, ауданда мәдениет үйі жұмысы

тұралаған, спорт кешені, балалардың ойын алаңы жоқ ауылдар қатары әлі баршылық екен. Сонымен бірге бірқатар елді мекен арасындағы жолдардың жағдайы сын көтермейді, интернет байланысы шалажансар, суару каналдарының тозығы жеткен. Айта берсе, шешілген мәселелерге қарағанда, толғағы келіп асқынып тұрған түйткілді тұс көп сияқты. Облыс басшысы әр сауалды мұқият тыңдап, қасындағы жауапты тұлғаларға сол жерде сын-ескертпелерін айтып, тапсырмалар берді.

Үлкен жиыннан соң облыс әкімі Бейбіт Исабаев аудан тұрғындары үшін жеке қабылдау өткізіп, азаматтардың көтерген мемлекеттік тұрғын үй қорынан үй алу кезегі, қант қызылшасын өсіруге ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер алу, арық жүйесін тазалау сияқты мәселелерін тыңдап, олардың шешіміне қатысты аудан басшылығына нақты міндеттер жүктелді.

Уақыт тауып, аудандағы бірқатар құрылыс нысанын аралап көрді. Қаратал ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің ғимаратына барып, күрделі жөндеуден кейінгі жағдайымен танысты, атқарылған құрылыс жұмыстарының сапасын саралады. 1982 жылы салынған бұл ғимаратқа күрделі жөндеу жасау үшін бюджеттен 397 млн теңге бөлініпті. Бытыр басталған құрылыс жұмыстары биылғы жылдың маусым айында аяқталыпты. Жақында қолданысқа беріледі.

Жылдар бойы жырағай ауданы аудандық орталық аурухана блоктарының күрделі жөндеу жұмыстарының жағдайы да түзеліп қалыпты. Жоспар бойынша «А» блогының жөндеуі осы жылдың қазан айында аяқталады. Ал «В» блогында жұмыстар әзірге баяулау. Құрылыс алаңында мердігер мекеменің небәрі 17 адамы жұмыс істеп жүр. Облыс әкімі мердігер ұйымның сылбыр жұмысын сынға алып, құрылыс мекемесінің басшылығына үш күн ішінде жұмысшылар санын кемінде 40-қа жеткізуді міндеттеді. Жұмыс кестесінен кешігу осылай жалғаса беретін болса, келісім-шарт талаптарын орындамағаны үшін мердігерге тиісті шара қолданылатынын қатаң ескертті. Жалпы, аурухананың «Б» блогын жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған. Аурухананың күрделі жөндеуі біткен соң оның материалдық-техникалық базасы да жаңартатын болды. Жыл соңына дейін жалпы құны 642 млн теңгеден асатын медициналық құрал-жабдықтар сатып алынады.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Шымкент қаласы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен баспасөз брифингінде қалалық Білім басқармасының басшысы Нұргүл Шәмшиева оқу жылы қарсаңында мектепке дейінгі тәрбие, орта білім, материалдық-техникалық базаның нығаюы, қала оқушыларының қосымша біліммен қамтылуы, тәрбие бағыты, білім саласындағы жетістіктер мен жаңашылдықтарын жеткізді.



САЛАДА СОНЫ БЕТБҰРЫС

Назгүл НАЗАРБЕК

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Шымкент қаласындағы 982 білім беру ұйымында 415 908 тәрбиеленуші білім алуда. Білім беру ұйымдарының 258-і мемлекеттік болса, ондағы бала саны 258-ді құрайды, қалғандары жекеменшік білім беру ұйымдарында. Мемлекет басшысының Жолдауында мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек екені аталған. «Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек. Осы саладағы мамандарға қойылатын нақты талаптар бекітілуге тиіс. Олардың жұмыс жүктемесін де біртіндеп азайтқан жөн. Өз ісіне адал ұстаздар білім беру саласының дамуына зор үлес қосады. Сондықтан балабақшаны емес, тәрбиешіні аттестациялау қажет» деген болатын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Үшінші мегаполисте бүгінде 611 балабақша жұмыс істеп тұр. Орын тапшылығын жою мақсатында 2023 жылы 30 балабақша ашылып, балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды ұлғайту үшін 2 945 орынға мемлекеттік тапсырыс берілген. Биыл балаларды 2 жастан бастап мектепке дейінгі біліммен қамту, жекеменшік балабақша есебінен санын арттыру бағытында мемлекеттік тапсырыс негізінде 3 150 орынмен қамту жоспарланған. Жоспар бойынша биыл жаңадан ашылатын 32 балабақшаның 13-і сәуір айында ашылып, 242 орынға мемлекеттік тапсырыс берілген. Нәтижесінде, 1-6 жас аралығындағы кезекте тұрған 86 387 баланың 86 пайызы мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылса, 2-6 жас аралығындағы 83 590 тәрбиеленушінің 89 пайызы бөбекжаймен қамтылған. «Жыл соңына дейін балабақшаларды мемлекеттік тапсырыс аясында қосымша 2 100 орынмен қамтама-

сыз ету күтіліп отыр. Оның 100 орны ата-аналарға ваучер беру арқылы жүзеге асырылмақ. Сонымен қатар қыркүйек айында 14 балабақша және желтоқсан айында 5 балабақша ашылады», – деп атап өтті басқарма басшысы Нұргүл Ақылбекқызы.

«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады», – дейді Президент өз Жолдауында. Шымкент қаласында орта білім берудің бағыты бойынша 2024-2025 оқу жылына 1-сыныпқа 26 979 оқушыны қабылдау жоспарланған. Биыл пайдалануға берілетін 12 мектептің 9-ның ашылуы жана оқу жылында жоспарланған. Яғни, жалпы 9 жайлы мектепке 9 300 оқушыны өзге мектептерден ауыстырып, 13 мектеп 1 ауысымға көшіріледі. Жалпы, 12 жайлы мектепке кадр резервіндегі 9 кандидат директор лауазымына тағайындалған.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абырой-беделін арттыру үшін көп жұмыс істелді. Президент бұл бағытта әлі де біршама өзгеріс жасау қажет екенін атап өтті.

Педагогикалық жоғары оқу орындарын аккредитациялаудың жаңа стандарты қабылданады.

тағы 2-еге көбейді. Брифингте Нұргүл Ақылбекқызы қазір 2024-2025 оқу жылына еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар даярлау мақсатында 11 500 талапкерді мемлекеттік тапсырыс негізінде қабылдау шаралары жүзеге асырылып жатқанын айтып өтті. «Алдағы 2024-2025 оқу жылында жұмыс беруші кәсіпорындардың есебінен 15 жекеменшік колледжде 51 талапкерді қабылдау жүзеге асырылады. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін сұранысқа сәйкес 5 мамандық бойынша 75 орын бөлініп отыр», – деді басқарма басшысы.

Ал қазір колледждерге 12 мыңнан астам талапкердің құжаты қабылданған. Сондай-ақ Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес студенттердің стипендиясын 2 есе ұлғайту жұмыстары қа-

және «Жалған орындар» тәуекелдерін азайту, бюджет қаражатының атаулылығы мен мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз ету. Пилоттық жобаның операторы болып «Қаржы орталығы» АҚ айқындалған, яғни барлық іс-әрекет солардың қатысуымен жүргізіледі.

Ваучерлік қаржыландыруда мектепке дейінгі ұйымдарды таңдау құқығы ата-аналарға беріледі және «Ақша балаға ереді» қағидаты жүзеге асырылады. Бала қай балабақшаға ауысса, қаражат сол балабақшаға ата-ана қатысу парағын растағанда аударылады. Сонымен қатар баланың бір балабақшадан екінші балабақшаға ауысу мәселесі оңайлатылады. Егер бала басқа елді мекенге көшсе, мемлекеттік тапсырыстың күші жойылмайды. Бүгінде «Қаржы орталығы» АҚ мен Шымкент қаласының Білім басқармасы арасында:

- тапсырма шарты жасалды;
- пилоттық жобаны іске асырудың Жол картасы әзірленді;
- мемлекеттік тапсырысты алатын балабақшалардың қалыптастырылған тізбесі операторға («Қаржы орталығы» АҚ) жолданды.

Шымкент қаласының Білім басқармасында жүзеге асып жатқан жобалардың қатарында «Тәлімгерлік мектептер» жобасы бар. Жоба шеңберінде білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесінің өзекті мәселелері бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің әлеуетін арттыру және тәжірибе алмасу үшін жаңадан тағайындалған мектеп директорларының тәлімгерлері ретінде мектеп көшбасшыларының директорлары бекіту көзделді. Ал «Мобильді мұғалім» педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады. «Жоба аясында үздік және озық тәжірибелі педагогтердің сабақтарына база жасақталуда. Үздік сабақтарға әдіскерлер тарапынан талдау жасалып, жинақталуда. Тәжірибе алмасу мақсатында Әдістемелік орталықтың YouTube каналына жүктелуде. Қазір жалпы «Мобильді мұғалім» жобасын іске асыру мақсатында үздік педагогтердің 136 сабағы Әдістемелік орталықтың YouTube каналында жинақталды», – дейді Білім басқармасының басшысы.

Сонымен қатар «Сапалы білім» жобасы – білім алушылардың білім сапасын арттырып, әр оқушының сапалы білім алуына жағдай жасап, пәндерді оқытуда функционалдық сауаттылықты қалыптастырып, командалық жұмыс арқылы педагогтердің уәждемесін арттыруды көздейді. Жоба аясында мұғалімдер мен мектеп басшыларына нақты әдістемелік көмек көрсетіледі, сондай-ақ сабақтардың сапасын арттыру мақсатында басқа мектептерде сабақ беретін пән мұғалімдеріне қолдау көрсетіледі.

Брифингте осы және басқа да үшінші мегаполистің білім саласында атқарылған жұмыстары мен жаңашылдықтар айтылды.

Шымкент қаласы



Сондай-ақ ұстаздардың құзырет аясы айқындалады. Бүгінде министрдің бұйрығына сәйкес педагог лауазымына бірнеше талап арқылы конкурс негізінде қабылданады. Шымкент қаласында 2023-2024 оқу жылында білім беру ұйымдарындағы 747 бос орынға 2 119 адам қатысып, 475 педагог іріктеліп, жұмысқа қабылданған.

Мемлекет басшысының «Техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындары еңбек нарығының нақты сұранысына бейімделуі және еліміздің жаңа экономикалық бағдарының міндеттеріне сай болуы керек» деген сөзі бар. Соңғы жылдары кәсіптік білімнің көкжиегі кеңейіп, мемлекет тарапынан біршама мүмкіндік қарастырылуда.

Шымкент қаласында 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының желісі 38 колледжді құрады. 38 колледжде 47 020 студент білім алды. Оның 23 587-і бюджет шеңберінде мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алды. Биыл колледжер саны

таң жүзеге асқан. Аймақта түлектерді жұмысқа орналастыру шаралары назардан тыс қалмайды. 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша 11 035 бітіруші колледжді аяқтаса, оның 9 246-сы жұмысқа орналасқан.

«Ата-аналар мен оқушылар алған білімінің және игерген машық-дағдысының сапалы және сұранысқа ие болуы үшін белгілі бір деңгейде жауапты екенін сезінуге тиіс. Сондықтан олармен де үнемі әріптестік қатынас орната білу керек. Осы мақсатта жеке білім беру ваучерлерін енгізу жоспарланып отыр», – деп атап өткен еді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖЕМІС БЕРЕР ЖОБАЛАР

Бүгінде бұл тұрғыда пилоттық жоба енгізілген. Пилоттық жобаның мақсаты – дербестендірілген қаржыландыруды ескере отырып, мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін

Ашық тендер тәсілімен «ГАА RR үшін қосалқы бөлшектер» (Шымкент ГТБ, Тараз ГТБ, Алматы ГТБ) тауарларын сатып алуды өткізу мерзімін ұзарту туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГАА RR үшін қосалқы бөлшектер» (Шымкент ГТБ, Тараз ГТБ, Алматы ГТБ) тауарларын сатып алу бойынша осыдан бұрын жарияланған ашық тендер өткізу мерзімін ұзарту туралы жариялайды (лот саны – 44, ҚҚС-ты қоспағанда, 207 473 125,34 тенге жалпы сомасына).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімі 2023 жылғы 03 қыркүйекте, сағ. 10:00-ге дейін. Тендерге қатысуға арналған өтінімдер бар конверттер 2023 жылғы 03 қыркүйекте, сағ. 11:30-да төмендегі мекенжай бойынша ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай даңғ., 109 «В», 605-конференц залда.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

Объявление о продлении срока проведения закупки товаров «Запасные части для ГПА RR (УТГ Шымкент, УТГ Тараз, УТГ Алматы)» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о продлении срока проведения ранее объявленного открытого тендера по закупке товаров «Запасные части для ГПА RR (УТГ Шымкент, УТГ Тараз, УТГ Алматы)» (Количество лотов – 44, на общую сумму 207 473 125,34 тенге без учета НДС).

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 03 сентября 2023 года. Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 03 сентября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

ВЕЙПТЕН КЕЛЕР ҚАУІП КӨП

Былтыр Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев вейп және түрлі электронды темекілердің ұлт саулығына қатер төндіретін кесел екенін алға тартқан еді. Мемлекет басшысының сөзінше, вейп пен есірткінің арасы бір-ақ қадам. Бұл қауіпті үрдіспен күресу үшін жүйелі және шұғыл шаралар қабылданып, арнайы заң да шықты. Бірақ вейп қолданатындар әлі де бар.



Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

АЛМАТЫДА 10 МЫҢНАН АСТАМ ВЕЙП ТӘРКІЛЕНГЕН

Қазір әлем нарығында 30-дан астам мемлекет темекі түрлерін саудалауға заң жүзінде тыйым салған. Дегенмен елімізде вейп айналымына шектеу қоятын ресми құжат қабылданса да, көздегенін іске асырып, зиянды вейпті емін-еркін саудалап жүргендер табылады. Мәселен, биыл Алматы қаласында бір айдың ішінде 10 мыңнан астам вейп тәркіленген. Қазір құзырлы органдар әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде заң негізінде шектеу қойылған өнімдердің таралуына және тұтынушыларға сатылуына жол бермес үшін бақылау орнатылғанын жеткізді. «Киберпол» қызметкерлері электронды темекіні заңсыз сатумен айналысқан бес адамды ұстады. Аталған жағдайға қатысты Алматы қалалық ПД криминалдық Полиция басқармасы қылмыстық із қозғалғанын мәлімдеді.

— Заңсыз айналымнан әртүрлі өндірушінің 10 мыңнан астам бірреттік электронды темекілері тәркіленді. Әрбір жағдай бойынша тергеу әрекеттері жүргізілуде. Сатушылар мен осы өнімдерді жеткізумен айналысқан тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық

кодексінің 301-1-бабы бойынша темекі өнімдерін, электронды тұтыну жүйелерін, хош иістендіргіштер мен сұйықтықтарды өткізгені және таратқаны үшін қылмыстық іс қозғалды, — деді Алматы қалалық ПД Криминалдық полиция басқармасының басшысы Мақсат Қанапаяев.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2022 жылғы «Қазақстанның балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығын, әл-ауқатын қалыптастыратын факторлар» зерттеуінің нәтижесінде 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 9,8 пайызы вейпті жиі тұтынатыны белгілі болған. Сондай-ақ зерттеу қорытындысы бірнеше жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда айтарлықтай өсу байқалғанын көрсетіп отыр.

Бүгінге дейін түйіні тарқамаған мәселенің қоғамдық талқыға салынып, көптің ұлт болашағына алаңдаушылығын туғызуының арқасында көп ұзамай Қазақстанда вейп қолдануға ресми түрде тыйым салынды. Сан мәрте талқыға түскен заң негізінде енді вейп сату арқылы саудасын қыздырып, қалтасын кампайтқандар жазаланады.

ҚАУІПТІ БӘЛЕКЕТКЕ ҰРЫНУҒА СЕБЕПШІ — ОРТА

Алматылық Айсұлу Жәнібекқызы жастардың вейпке құмартып, үлкен кеселге ұрынуына ықпал ететін — адамның өз орта-

сы екенін атап өтті. Кейіпкеріміздің айтуынша, оның өмірінде де электронды темекінің дәмін татып көруге шақырған адамдар кездескен.

— Қазір электронды темекіні көшеде кем дегенде екі жастың қолынан көретініміз анық. Өзіміздің дос-жарандарымыз, құрдастарымыз оның зиян екенін білмей, қалыпты жағдайда тұтынуды әдетке айналдырған. Өкініштісі, біздің өзіміз де бұл қауіпті құбылысқа үйреніп бара жатқан сынайлымыз. Сіз өзіңізге таныс емес заттың дәмін татып, қолмен ұстап көрмесеңіз, оған тәуелділік пайда болмайды. Оның дәмін татуға итермелейтін маңызды фактор — орта. Өз басымнан мұндай жағдай өтті. Былтыр танысым маған вейп шегуді ұсынды. Бірақ мен ұсынысынан бас тарқан кезде «Саған вейпті өзім сатып алып берейін, дәмін байқап көрсенші. Бағасы да аса қымбат емес» деді. Сол уақытта вейп орташа бағада 2 500-3 000 теңгеден басталады екен. Мен саналы түрде бас тарттым. Айтайын дегенім, жасөспірім кез келгеннің айдауына көніп, темекіні шегіп көрместен бұрын өзін-өзі ақпаратпен қамтамасыз етсе екен деймін, — дейді А. Жәнібекқызы.

Онымен қоса, Айсұлу таяуда пойызда өз көзімен көрген тағы бір оқиғаны айтты. Оның сөзінше, диттеген жеріне кетіп бара жатқан жолаушылардың арасында бір жігіт вейп шексе, қасындағы достары қолындағы вейпті кезекпен пайдаланған. Ал денсаулық сақтау саласындағы мамандар бір вейпті бірнеше адамның қолдануы туберкулез, гепатит және тағы басқа аурулардың таралуына себеп болатынын айтады.

4 МЫҢҒА ЖУЫҚ АЗАМАТ ӨКПЕ ҚАТЕРЛІ ІСІГІНЕ ШАЛДЫҒАДЫ

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне сүйенсек, өкпе қатерлі ісігінің пайда болуына электронды шылымды пайдаланудың әсері мол. Елімізде жыл сайын 4 мыңға жуық азамат өкпе



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының 2022 жылғы «Қазақстанның балалары мен жасөспірімдерінің денсаулығын, әл-ауқатын қалыптастыратын факторлар» зерттеуінің нәтижесінде 11-15 жас аралығындағы жасөспірімдердің 9,8 пайызы вейпті жиі тұтынатыны белгілі болған.

қатерлі ісігіне шалдығады. Жастар бұл кесепатқа неге үйір? Вейп адам өмірі үшін қаншалықты қауіпті? Оның құрамында қандай зиянды заттар бар? Осы және өзге де сауалдарымызды дәрігер-терапевт, диетолог, герантолог Әсемгүл Саятқызына қойып көрген едік.

— Хош иістендіргіштер мен ауыр металдар ішкі секреция бездеріне канцерогендік әсер етеді. Бұл — өсу, даму, көбею, бейімделу және мінез-құлық процестерін қамтамасыз ететін жоғары биологиялық белсенділігі бар гормондар. Вейп, әсіресе жасөспірімдік шақта, дене әлі өсіп келе жатқанда және мұндай стресске тап болмаған кезде қауіпті. Мен үнемі науқастарға вейптен бас тартуды ұсынамын. Егер науқаста кант диабеті болса, вейпинг жүйесін пайдалану — аурудың неғұрлым ауыр ағымының қосымша факторына айналады. Электронды темекіні немесе вейпті шегу кезінде бөлінетін будың құрамында қауіпті заттардың 30-дан астам түрі болады. Мысалы, пропиленгликоль ағзада жиналып, аллергиялық реакцияларды, іріңді процестерді, сондай-ақ бауыр мен бүйректің бұзылуын тудырады. Пропиленгликоль мен

глицериннің термиялық ыдырауы кезінде тыныс алу мүшелері мен орталық жүйке жүйесі зақымдалып, мутагендік процестер дамиды, — дейді маман.

ЭЛЕКТРОНДЫ ТЕМЕКІДЕГІ АЭРОЗОЛЬ ҚАУІПТІ

Беркли университетіне қарасты Лоурен атындағы ұлттық зертхана мамандары тәтті дәмі мен хош иісі арқылы жасөспірімдердің қызығушылығын оятатын вейптен уытты заттар бөлінетініне көз жеткізген. Әсемгүл Байкенова вейпті жиі тұтыну бауыр мен бүйрекке, жүйке жүйесіне орасан залал келтіретінін негізге алды.

— Вейпті жиі қолданудың нәтижесінде тәуелділік қауіпі артады. Алкогольге деген қызығушылық жоғарылайды. Хош иістендіргіштер де аллергиялық реакцияларды тудырады, соның ішінде бронх демікпесінің дамуы. Электронды темекілердің аэрозольдары қауіпті, себебі олардың құрамында металдар, әсіресе никель мен қорғасын бар. Олар жүйке, тыныс алу, эндокриндік, ас қорыту, жүрек-тамыр және экскреторлық жүйелерді зақымдайды. Вейптің құрамында никотин болмаса да оларды темекі өнімдерімен теңестіруді және қоғамдық орындарда насихаттауға және пайдалануға тыйым салуды заңмен бекіту — ұлт денсаулығын жақсартуға бағытталған ақылға қонымды қадам екені сөзсіз, — дейді дәрігер-терапевт Ә. Байкенова.

Біз көтеріп отырған мәселе Қазақстанда ғана емес, әлемнің әр қиырында орналасқан өзге мемлекеттерде де өзекті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы хош иістендіргіш заттарды қолданып қана қоймай, оның ашық түрде жүргізілетін жарнамасына да тыйым салыну қажет дейді. Мамандар вейпті «темікті тастауға көмектеседі» деген пікірдің ғылыми тұрғыда шындыққа сәйкес келмейтінін, тіпті осы күнге дейін еш жерде дәлелденбегенін айтып жоққа шығарады.

Алматы қаласы



«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

АРА

«АРА» – ара болады, шаккан жері жара болады».

Оспанхан Дүбәніров



«Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

№153

24.08.2024 ж.

«Айқынның» сатиралық қосымшасы



ҚҰМАЛАҚ

Кабинетіме бір құмалақ кіріп келді. Кәдімгі қойдың кара құмалағы.

– Амансыз ба бәсеке, – деп тіл бітті. Шошып кеттім. Құмалақ та сөйлейді екен.

– Саған не керек?

– Ештеңе керек емес, тек мені кабинетіңізге столдың үстіне қойып қойыңызшы, – деді жалынып.

– «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деген бар, – дедім.

– А, ол басқа құмалақ. Мен таза құмалақпын, – деп домалап алдыма келді. Майға піскен шемішкідей жылтырап тұр. Көңілін қимадым столдың үстінен орын бердім. Арада бірталай күндер өтті. Бір күні бір қызметкерім келіп, «кабинетіңізден жаман иіс шығады» дейді. Бірден ойыма құмалақ сап ете қалды. Қарасам орнында жоқ екен. Содан қарамаған жерім жоқ таба алмадым. Түстен кейін әкімшілікке жиналысқа бардым. Жиналыс жүргізіп отырған басқарма бастығы мұрнын басты. Ол кісінің жаман иіске аллергиясы бар еді.

– Құрметті әріптестер осымен жиналыс бітті, – деп қысқа қайырды. Директорлар бәріміз бір-бірімізге күдікпен қарадық. Иіс жақын маңнан аңқып тұр. Сүйтсем, әлгі кара құмалақ менің құйрығыма жабысып алыпты. Жүгіріп әжетханаға бардым.

– Түс! – дедім құмалаққа айқайлап.

– Неге?

– Сен жаман иіс шықпайды дегенің қайда?

– Сізде қызықсыз, құмалақтан жаман иіс шықпағанда хош иіс шығу керек пе? – деп менімен ұрыса кетті.

– Менің құйрығыма қашан жабысып алдың?

– Біраз уақыт болды, – деді құмалақ шіреніп.

Құмалағым бұрынғыдай емес өзгеріп кетіпті. Бәсе, соңғы кездері неге сасып кеттім десем. Мынау екен менің ауа райымды бүлдіріп жүрген...

– Менің ізімді бағып жүр екенсің ғой деп құмалақты шап беріп ұстап алып, әжетхананың ішіне салып ағызып жібердім. Құмалақ өз орнын тапты. Ал мен болсам қолымнан құмалақтың жаман иісін кетіре алмай біраз әуреге түстім. Жерге жатып алып қолымды еденге үйкелей бастадым. Бір кезде «ағай» деген қатты дауыс шықты. Масқара, шошып кеттім. Сүйтсем түсім екен. Кабинетте отырып қалғып кетіппін. Хатшы қыздың оқыс дауысынан оянып кеттім.

– Құмалақ қайда? – дедім сасқанымнан.

– Ағай, қайдағы құмалақ? – деді қыз таңданып.

Есімді жиып жерден ұшып тұрып қолымды иіскедім.

– А, тоғызқұмалақ ойнау білесің бе дегенім ғой деп сөзді бұрып жібердім. Хатшы қыз аңтаң болып шығып кетті. Түске де кірмейтін пәле жоқ екен. Бұл құмалақ не болды екен? Әйтеуір құтылдым. Түсімді жорып беріңдерші...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

БЕЙМӘЛІМ БИКЕШТЕР

Соңғы кезде Жәнібек немересімен жарысып ұялы телефондағы әлеуметтік желілерді түгелдей адақтап шығатын бір әдет тапты. Шай ішіп отырып та, үйге келген қонақпен сөйлесіп отырып та телефонға үнілмесе, ішкен-жегені бойына дарымайды. Мұны көрген бәйбішесінің айқаптағы жыны қозады.

– Әй, телефонда басың қалғыр баламен бала болғанша, сыртқа шығып, ауладан бір шөп болса да жұлмайсың ба? – дейді айқайлап.

Бірақ мұны тындап жатқан Жәнібек жоқ. Бір кезде мессенджер дың ете қалды. Деру ашып қараса, бір қыз «Сәлеметсіз бе?» деп сызылып тұр екен. Жәнібекке де керегі осы. Ермек керек. Ол қызға жауап қатып, қал-жағдайын сұрады. Осы-ақ екен, бейтаныс бикеш зарлап қоя берді. Жіберген хабарламасына қарағанда қарызға белшесінен батып қалған. Соған демеуші болатын қайырымды азамат іздейді. «Сонымен, қарызың қанша?» деген сұрақты айдап жіберді Жәнібек. «Қайдан шықса, одан шықсын» деп тұр ғой. Қыз іле жауап қатты. «Бір миллионнан астам қарызым бар, ағай!» деген жауап жұлдыздай ағып, жылдам жетті. «Әке-шешеннен сұрамайсың ба?» деп енді Жәнібек жалтарды. Бұл жолы хабарлама дыбыспен келді.

– Ағай, әке-шешемнен сұрауға ұялып отырмын. Оның үстіне олардың кредиті бар. Нағашымнан сұрап едім, бермей қойды. Мойныңда қарыз болғаннан соң, енсен көтерілмейді екен. Сізді түсінеді деп айтып отырмын, – деген қыз үні қоңыраудай сыңғырлайды.

Неткен ғажап үн. Жәнібек есінен танып қала жаздады.

«Япырмай, мынадай жас қыздың қарызға батып қалғаны жарамаған екен. Көмектесе қоятындай аз қаржы емес. Бір елу мыңды салып жіберсем, қомсынып қалар ма екен?» деп Жәнібек сары уайымға салынды.

Осылай он ойланып, мың толғанып отырғанда мессенджеріне мәністі бір хабар шоршып түсті. Бұл жолы қыз «Сіз мені жас деп менсінбей отырмысыз. Әңгіме түсінісе білгенде. Ал жас деген жай ғана жалаң цифрлар ғана емес пе?» депті қағынған қыз. Бұдан соң Жәнібекті кім тоқтата алсын. Бейтаныс бикештің бейнесін көргісі келді. Мессенджерде мөлдіреген жап-жас қыздың суреті шыға келді. «Неткен сұлу! Мұндай қызға не сұраса да беру керек» деген тұжырымға тоқталды. Осы кезде «Сіздің де бір өтінішіңізді орындауға дайынмын» деген хабарлама келіп түсті. «Онда кездесетін жерді айтарсың» деген үшбу хатты ойланбай аттандырды Жәнібек. «Алдымен теңгенізді тастаңыз» деген тағы бір хабар топ ете түсті. «Қанша тастайын?». «Жомарттығыңыз білсін!» Жәнібек әрі ойланды, бері ойланды. Теңгені тастай қояйын десе, қайтарымы болмай ма деп қорқады. Тастамайын десе бейтаныс бикеш келмей қоя ма деп үрейленеді. Осылай дал болып отырғанда бикештен тағы хабар келді. Бұл жолы ол өктем сөйлепті. «Сонымен, көмектесесіз бе, жоқ па?» Жәнібек жым отыр. Не десін енді? Әлден соң бейтаныстан тағы да жеделхат жетті. «Көмектесе алмасаң, адамның басын әурелеп нең бар? Өзің тиын санап қалған сорлысың-ау шамасы». Жаңа ғана «сіз» деп сызылып отырған бикештің шаптығып шыға келгеніне Жәнібек таң қалды. Артынша көрмеген-білмеген адамын қарғап-сілеген

хабарламасы қарша борады. Жәнібек шошынып қалды. Кімге тап болған?

Осыдан соң Жәнібек мессенджер дегенді ашып қарауға қорқақтайтын болды. Бір күні тағы да мессенджері құрғыры дың ете түсті. «Сәлеметсіз бе, ағай?» деп сызылыпты бір сұлу. Жәнібек жалтақтап отырып жауап қатты. «Сәлем!» деді қысқа қайырып. – Қалайсыз, ағай? – Жаксымын. Өзің? – Сізге бір өтініш айтсам деп ем. – Айта ғой, айналайын. – Торт жегім келіп отыр, ағай. – Торт қанша тұрады? – Жаксысы 10 мың теңге ғой.

Жәнібектің өзінің де торт жегісі келіп кетті. «Басты қатыратын бейтаныс бикештерге торт епергенше немерелеріме әпермеймін бе?» деп ойлаған Жәнібек үнсіз қалды. Ертесіне мессенджерді ашып қараса «Сараң екенсін» деген жауапты оқыды.

Арада бірер апта өткенде тағы бір бикеш танысқысы келетінін айтып хабарласты. Оның да жағдайы болыңқырамай жүр екен. Сұрастыра келсе мұның да торт жегісі келіп жүр. «Япырай, бұлардың бәрі тортқа жерік болған ба? Сол жерік қылған адамдарынан тортты неге сұрамайды?» деп Жәнібек күйіп-пісті.

Содан бері Жәнібектің ұялы телефонды қолына алса жүрегі дүрсілдейді. Бейтаныс бикештер-ай! Кей-кейде түске енуші едіңдер енді телефонға кіретін болдыңдар ғой.

Жәнібек қымбат телефонын лақтырып тастап, хабарласуға ғана жарайтынын сатып алды. Бірақ немересінің қолындағы телефонды көрген сайын жүрегі зырқ етеді.

Балақай не көріп жүр екен?...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ



Біздің қазақ данышпан ғой. Сөздің түбін түсіріп, айтарын жеріне жеткізе соншалықты дәлдікпен айтқанда, сұр мергендігіне тәнті болып бас шайқайсың. Сол қазақ «Молданың айтқанын істе, істегенін істеме» деп баяғыдан бері қақсап айтып келеді. Бірақ Алланың жердегі өкілі болғаннан соң ақ шапан киіп, басына сәлде ораған жан көрсек болды жолына кілем болып төселіп, қолтығына жастық болып жата кететін әдетіміз бар.

ӘЙ, БАЛА! МЕНІМЕН ОЙНАМА!

Сол сарқынды әдетпен Сіргебай дамулланы көрген жамағат жапырылып етегіне құлай кетті.

- О, қасиетті иман!
- Жарықтық Сіргебай дамулла!
- Қолыңызды сүйейінші!
- Адамзаттың асылы!
- Қақ жолында жүрген құтқарушымыз!
- Жаным жолыңызда құрбан!

Аспаннан Өзіретті Иса пайғамбардың өзі екі аяғы салбырап түскендей жиналғандар өз көздеріне өздері сенбей, ауыздарын ашып, аңқиды да қалды. Бас иманның көмекшілері қалың нөпірдің арасын Иса пайғамбардың қылышындай қақ бөліп, ұлы ұстазға жол ашты. Сіргебай сүрінбей секіріп өтіп, мешіттің ішіне кіріп кетті. Артынша күңіренген дауыс естілді. Мешіт сыртындағылар тұрған жерлеріне жата кетті. Бәрінің шапаны топыраққа малынды. Бірақ есірік сезімнің жетегіне ерген намазхандар мұны елеген де жоқ. Елейтін ахуалдары да болмады. Өйткені меңдуана жеген адамдай бәрі де теңселіп тұр еді.

Сүт пісірім уақыттан соң мешіт есігі ашылды. Қалың нөпір Меккедегі Қағбаға ұмтылғандай тұра жүгірісті. Біреулері шалынып құлап, көптің табандары астында таппалды. Бірақ оларға қарап жатқан пенде атауды жоқ еді.

Жамағат жиналып, сап түзеп, тәубеге келіп аңырап алдарына қарағанда ішкі бөлмеден бас иман шығып, мінберге өтті.

– Әй, күнәһар пенделер! Барлығың да тозақтың отына күйесіндер. Имандылық, адамгершілік жолға түспегендеріңнің барар жерлерің сол Тозақ! Ондағы оттың ыстығы күннің ыстығынан да жоғары. Ал шыдап көріндер сосын, – деп Сіргебай алдындағы күнәһарларға күдіктене қарады.

Өркімнің бір көптен жасыратын, тіпті қойнындағы қатынына да айта алмайтын құпия сыры болады. Біреулердің желігіп жүріп жасаған «жыры» болады. Бұл жалғанда кінәсіз кім бар дейсің? Өркімнің бір ұрлығы бар. Сол кінәсі еске түскен күнәһар пенделер жым-жырт болып, жерге кіріп кетуге тесік таппай тыпыршып тұрды.

Сіргебай сілтеді. Токтамады. Әйтеуір, біреулерді боқтамады. Бірақ Алла

алдына адал болып бару үшін таза жүру керектігін шегелеп айтты. Бұл үшін ақ жуылып, жаназасы шығарылуы тиіс. Кейбір мұсылмандар арақ ішіп адасып жүр. Біреулері қыз-қырқынға таласып жүр. Енді біреулері Жаратқанға серік қосып, жауырынмен өтірік бал ашып жүр. Осындай адасулардан аулақ болайық, ағайын.

- Сөз-ақ!
- Бұдан артық қалай айтады енді?
- Түсінген адамға бұдан артық насихат бола ма?
- Біздің имам Құдайына қараған иманжүзді адам ғой. Бұл кісіден үлгі алу керек!
- Алла жолы үшін туған жан деңіз.
- Рас! Рас!

Жұрт жапатармағай алға ұмтылып, Сіргебайдың қолын сүйіп жатты. Енді біреулер жаға қалып, мәсісін сүйді. Біреулер шапанына жармасты. Сіргебаймен бірге сүйретіліп жүрсе, Жаратқанның өзіне тура жол ашылатындай соңынан ілескендер салпақтап ұзақ жүрді. Жамағаттың алды тарқай бастағанда біреулер мешіт ішінде Жаратқанға жалбарынып, Сіргебай имамға ұзақ ғұмыр бер деп бет сипап отырды.

Кешке дейін бөлмесінде адам қабылдап, біреулерге үшкіріп, енді біреуге түшкіріп, ем-дом жасаған және алдарынан даңғыл жол ашып берген бас иман ымырт үйіріле шапаны мен сәлдесін мешітке қалдырып, сүйіріктей сұлу шетелдік көлігіне отырып, белгісіз жаққа шұғыл аттанды. Соңындағы серіктері көздері суланып қала берді.

Сіргебай сол жүйткігеннен жүйткіп отырып, түнгі клубтан бірақ шықты. Оны ақ торғындай келіншек есік алдында күтіп алды. Екеуі сүйісіп амандасты. Қолтықтасқан күйі клубтың төрінен бірақ шықты. Енді көңіл көтеретін керікті орын болған соң ойнады, күлді. Бірін-бірі тереңдей білді. Өзі харам деп атайтын «зәмзәм суынан» да бас тартқан жоқ. Көрікті келіншек қоңыраудай сыңғырлап күлді. Көйлегінің жеңін түрді. Ыстық дем ерін күйдірді.



Олардың ендігі бағыты бес жұлдызды қонақүй болатын. Білдей бас имам бола тұра жай қонақүйге түсу өлім болар еді. Иә, өлім ғой, өлім!

Бірақ «Қырсыққанда қымыран іриді» демекші, қырсыққанда алдарынан полиция қызметкерлері шыға келер ме?

– Көке! Аузыңыздан арам бір иіс шығатын сияқты, – деді полицей.

– Сен не деп оттап тұрсың? Бас имамның ауызынан харам иіс шығатын ба еді? Жаңа ғана қымыз ішіп шыққам. Иіс айыра алмайтын өңшең найсап! Жолымнан былай тұрындар! Мен өзі ауызы дуалы киелі адаммын. Қарғысыма ұшырап қалмаңдар! – деп ақырды Сіргебай.

– Көке! Біз қарғыс-марғыс дегенді білмейміз. Біздің білетініміз – тәртіп сақтау. Сондықтан бөлімге жүресіз. Аргысын көре жатарсыз.

– Әй, бала! Менімен ойнама!

– Ойнап тұрған жоқпыз, ағасы. Ойнап тұрмыз.

Тиісті мекемеде бас имамның арақ ішіп алғаны анықталды. Қасындағы қиғашқастың алаяқтық жасап, жасырынып жүргені белгілі болды. Саунадағы көп бикештердің тізімінен де табылды.

– Әй, бала! Менімен ойнама! Осы істегендеріңді алдарыңа келтірермін. Тұра тұр, бөлем!

Имам айқайға басты. Бөлімдегілер «Мынау имам ба әлде Иван ба?» деп бір-бірлеріне таңырқай қарасты. Соңғы түйінді бас полицей айтты.

– Несіне таңырқайсындар?

Бұрынғылардың «Молданың айтқандарын істе, істегенін істеме» дегенін естен шығарып алдыңдар ма? Сендер де көпшілікке ақыл айтып, жөн-жоба көрсететін тәртіп сақшысындар. Мына кісідей ұятқа қалып жүрмеңдер!

Полицейлер ойланып қалды. Бас имам күбірлеп дұға оқып отырды...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ЖАҢЫЛТПАШТАР

Кел, жаңылтпаш жаттайық!

Құр бекерге жатпайық,
Кел, жаңылтпаш жаттайық!
Жаңылтпашты жаттаған
Құрдастарды жақтайық.
Құр бекерге жатпайық,
Кел, жаңылтпаш жаттайық!
Жаттағанға жаңылтпаш
«Үздік» деген ат лайық!
Кел, жаңылтпаш жаттайық!

Астана – менің жас қалам,
Жас қала – менің Астанам!
Астана – менің бас қалам,
Бас қала – менің Астанам!
Астана – менің Астанам!

Мединаның анасы – Марал,
Мединаның анасы – Самал.
Адинаның анасы – Жамал,
Қалиманың анасы – Амал.

Марал – Мединаның анасы,
Самал – Мединаның анасы.
Жамал – Адинаның анасы,
Амал – Қалиманың анасы.
Кім кімнің болды анасы,
Байқап бір өзің қарашы?

Тағатта сағат бар ма?
Таңатта сағат бар ма?
Тағатта сағат бар болса,
Тағат сағатын Таңатқа берсін!

Қорғанбай қорғанды қорғайды,
Қорғанбай қорғанды қорғамаса,
Қорғанбайдан басқа қорғанды
кім қорғайды?

Асу, ашу, ас су, аз су:
Аз су, ас су, ашу, асу.

Қазақ-Қырғыз бір туған,
Қырғыз-Қазақ бір туған.
Тілі менен ділі бір,
Діні менен діңі бір,
Айналдым екі ел жұртынан.

Түнім күнге,
Күнім түнге ауысты.
Түнім күнге,
Күнім түнге ауысқаны жақсы ма?
Түнім түнге,
Күнім күнге ауысқаны жақсы ма?

Талап салақ-ты,
Оқымайды сабақты.
Самат талапты,
Жақсы оқиды сабақты.
Талап салақ-ты,
Самат талапты.

КҮЛКІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҢЫЛТПАШ

Ат жемейтін,
Ащы шоптің
Шыққаннан,
Шықпағаны жақсы ма?
Шықпағанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойнады.
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Ұйпа-тұйпа,
Салдыр-салақ.
Бұл кім?
Кеп тұр күзкім.

Жып-жынақы,
Тап-таза,

Түп-түзу.
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұмыт!

Маман
Бала берді.
Балаңды маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Балаңның қазақшасын
«Мәуіз» дейді.

Табаныман
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бытбырық боп,
Түбі күйді.
Әбігерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Бәрі емдеді.

Жасанды интеллекттің дамыту бағыттарының ішінде сөзді тану және синтездеу технологиялары айрықша мәнге ие. Бұл салада қытайлық iFlytek компаниясы жетекші орында. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттердің бір топ журналистеріне арналған медиа-тур барысында біз осы брендтің кеңсесіне қонаққа барып, өнімдерімен егжей-тегжейлі таныстық.

ДАУЫСТЫҚ МӘЗІРДЕН БАСТАЛҒАН ДАНҚ

Бұл компанияны 1999 жылы Хэфэйдегі беделді оқу орны саналатын Қытай ғылым және техника университетінің 26 жастағы аспиранты Лю Цинфэ құрған. Ондағы мақсаты – батыстың әйгілі брендтерімен бәсекелес болумен қоса, қытайлықтарға мақтанш сезімін сыйлайтын өнімді өмірге әкелу болыпты. Оның: «Дауыс – мәдениеттің негізі әрі ұлттың символы» деп айтқаны бар. Лю корпоративтік

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ БҮГІНДЕ ӨЗЕКТІЛІГІ АРТЫП, ҚОҒАМНЫҢ ӘРТҮРЛІ САЛАСЫ МЕН АДАМ ӨМІРІН ТРАНСФОРМАЦИЯҒА ҰШЫРАТЫП ЖАТЫР. АЛҒАШҚЫ АЛЫПТАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП OPENAI КОМПАНИЯСЫ ӨЗІНІҢ СНАТGPT ҚЫЗМЕТІН ЖАҒАҢҒА ПАШ ЕТКЕНІМЕН, ТЕХНОЛОГИЯЛАР ДОДАСЫНА ЕНДІГІ УАҚЫТТА БІРАЗ ЕЛ БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ҚОСЫЛУДА. СОЛАРДЫҢ БІРІ ҚЫТАЙ БҮГІНДЕ MADE IN CHINA 2025 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ «ЖОЛЫН АШУҒА» ҰМТЫЛЫП КЕЛЕДІ.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ЖҰЛДЫЗЫН ЖАҚҚАН



Айтпақшы, бұл жасанды интеллект алдағы шақта аудармашыларды да жұмыссыз қалдыратын түрі бар. Аударма жасауға «маман-данған» iFlytek құрылғысы 83 тілді біледі. 2022 жылы Бейжіңде өткен Қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарында тарихта алғаш рет синхронды аударма интернетсіз осы жасанды интеллект көмегімен жүзеге асыпты.

GPT-мен БӘСЕКЕ МЫҚТЫ

Жасанды интеллект тек тапсырмаларды орындай алады деп ойласаңыз қателесесіз. Компания қызметкерлерінің айтуынша, ол «ойланып, қорытынды жасауға да қабілетті».

«Былтыр 19 маусымда Аллен зерттеу институты ұйымдастырған мәтінді түсіну және логикалық ойлауды бағалауға арналған когнитивті модель бойынша чемпионатта біздің iFlytek компаниясының D-Reasoner моделі жеңімпаз атанды. Бұл байқауда жасанды интеллектің әртүрлі математикалық тұжырымды, теореманы және мәселені шешудің әдістерін камтитын күрделі ойлау тізбектерін құру керек болған. Бұған, әлбетте, бірден қол жеткізе қойғанмыз жоқ. Бәрі кезең-кезеңімен болды. Мысалы, 2008 жылы сөзді түсініп, синтездеуді үйренсе, 2012 жылы сөзді сараптауды, 2015 жылы естіген және оқыған сөзді тануды меңгерді. 2017 жылы интеллектуалды медициналық қызметкер рөлін атқара бастады, 2018 жылы екінші деңгейдегі аудармашы деңгейіне жетті, ал 2022 жылдан бері дұрыс пайым жасау қабілетіне ие. Біздің мақсатымыз – түптің түбінде адамша ойлайтын робот жасап шығару», – дейді компанияның вице-президенті Ху Генинг.

Бүгінде компанияның бір өнімі саналатын SparkDesk чат-боты дүниежүзіне әйгілі GPT-4 Turbo қызметімен шамалас, тіпті кейбір тұстарда басып озады. Мысалы, тілді түсіну бойынша GPT-4 Turbo деңгейі 83,54%-ды құраса, SparkDesk 84,84% көрсеткішке ие болған. Сұраққа жауап беру бойынша GPT-4 Turbo мен SparkDesk сәйкесінше 78,23% және 77,56% деңгейде болса, математикалық қабілет біріншісінде 73,54%, екіншісінде 75,63% деңгейінде болған. Жақын болашақта қытайлық ЖИ америкалық «әріптесін» басып озып кетсе, таңғалуға болмайды.

Ху Генинг айтқан «адамша ойлайтын роботтың» өмірге келуі қаншалықты ақиқатқа айналарын қайдам, бірақ ертеңгі күні роботтың алдында ұятқа қалып қалмас үшін біздің де біраз дайды үйренуіміз керектігін осы сапарда түсініп қайттық.

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ,
Астана-Хэфэй-Астана



клиенттерге колл-орталықтарды автоматизациялап, оператор адамдарды дауыстық мәзірмен алмастыруға («төлем жасау үшін «төлем» деп айтыңыз») көмектесетін бизнес құруды көкседі. Жаңағыдай дауыстық мәзірді ең алғаш Huawei компаниясының өнімдеріне орнатқаннан кейін iFlytek-тің атағы аспандап шыға келді.

iFlytek 2010 жылы өзінің ірі тұтынушылық өнімі – iFlytek Input қосымшасын шығарады. Естеріңізде болса, дәл сол жылы Apple өз айфондарына Siri-ді орнатқан еді. Бірақ Siri сұрақтарға жауап бере алатын жеке цифрлық көмекшінің рөлін атқарса, iFlytek Input-тің қызметі әлдеқайда ауқымдырақ болып шықты. Ол адамдарға кез келген жерде өз телефондарына мәтінді сөйлеп енгізуге мүмкіндік берді: элек-

тронды поштада да, уеб-іздеу қызметінде де немесе Қытайдағы суперқосымша саналатын WeChat-та да мәтінді саусақпен термей, ауызша айтасын.

«Машиналық оқытуға негізделген кез келген технология тәрізді бастапқыда мұның жұмысында да ақау көп болатын. Алайда неғұрлым көбірек деректер енгізілген сайын, жүйе де соғұрлым жақсырақ жұмыс істей бастады. 2012 жылы компания Yudian атты виртуалды көмекші шығарып, жасанды интеллектің жаңа жолмен – нақты уақыт режимінде аударма жасауға үйретеді. Көп ұзамай, ол қытайша 23 диалектідегі және 4 шет тіліндегі әңгімелерді аударуды меңгереді», – дейді компанияның инновациялық бастамалар бөлімі маманы Ху Чжин.

ӨЗІ «ТЫҢДАУШЫ», ӨЗІ «ДІЛМӘР»

Бүгінде iFlytek шапшаң түрде стенограммалар әзірлеп беретін планшеттер мен цифрлық рекордер құрылғыларын да шығарады. Біздің, яғни журналистердің әрі таңғалып, әрі қызығып тамаша-

лаған құралдардың бірі де осы болды. Сағаттап сұхбаттарды диктофоннан түсірген кез келген тілші ол істің машақатын жақсы біледі. Қолымыздағы iFlytek рекордерлерінің әлеуетін естігенде, еріксіз аузымызды аштық. Былтыр өткен 14-ші Қытай парламентінің жиынында бұл кіп-кішкентай құрылғы 15,5 миллион сөзді 96% дәлдікпен жазып шыққан екен.

Жасанды интеллектің сөзді синтездеу қабілеті дамығаны сонша, ол қазіргі жаналықтар тарату қызметінде де кеңінен қолданылады. Танымал жүргізушілердің кейпіне «енген» Синьхуа және CCTV телеарналарындағы цифрлық дикторларға жергілікті халықтың әбден көзі үйренген.

Тағы бір кереметі, iFlytek құрылғылары мәтінді ауызша да, жазбаша да жеткізуде еш жаңылмайды. Мәселен, көзіңіз шаршап, қандай да бір мәтінді оқуға құмарспай тұрсаңыз, «ақылды» құрал оны әп-сәтте дауыстап оқып береді. Я болмаса, керісінше, әлдекімнің аузынан шыққан сөзді айна-қатесін мәтінге айналдыруға да шебер. Сөздегі дауыс ырғағы, эмоция және диалектілердің бәрін жазбай таниды.



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алғабай БАҒЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Нәзгу НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖААҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баши ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4488
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
т.а.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
т.а.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114.